

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 223 (9541) || 1954 жылғы 10 ноябрь Сәрсенбі || Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

*Елімізді коммунизмге қарай сеніммен
алға бастап келе жатқан Совет Одағы-
ның, Коммунистік партиясы жасасын!*

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы

Москва Советінің 1954 жылғы 6 ноябрьдегі салтанатты мәжлісінде М. З. САБУРОВ жолдастың баяндамасы

Бүгін Совет Одағының халықтары және бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері бүкіл дүниежүзілік тарихтың жаңа заманын — адамзаттың еркін, бейбіт және бақытты тұрмысқа көшу заманын ашқан Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын мейрамайды.

Бұдан отыз жеті жыл бұрын адамзаттың кеменгері В. И. Ленин бастаған Коммунистік партияның басшылығымен еліміздің жұмысшы табы еңбекші шаруалармен одақтасып, социалистік революция жасады. Революцияның жеңісі нәтижесінде помещиктер мен капиталистердің өкметі құлатылып, дүние жүзіндегі тұңғыш советтік социалистік мемлекет құрылды. Біздің халқымыз өз тағдырының шын мәнісіндегі қожасы, жаңа бақытты тұрмыстың саналы орнатушысы болды.

Октябрь социалистік революциясының ұлы күні мен жеңілетіндігі мынада: ол еңбекшілер бұқарасының алдында олардың тарихты шын мәнісінде жасаушылар ретіндегі бүкіл қаблетін, бүкіл жасамадық ролін мейлінше кеңінен көрсету мүмкіндігін ашып берді. Октябрь революциясы және елімізде социализм орнату ескі дүниені жеңуде, социалистік қоғам орнатуда тек халықтың қалың бұқарасының ғана шешуші роль атқаратынын көрсетті.

Октябрь революциясының біздің елдің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзінің халықтары үшін аса зор тарихи маңызы бар. Ол дүние жүзінің барлық езілген халықтарына империалистік құлдықтан азат етілу жолын көрсетіп, барлық елдер еңбекшілерінің санасында өз күштеріне және өз ісінің жеңетіндігіне сенімін нығайтты.

Октябрь революциясы бейбітшілік туын жоғары көтеріп дүниежүзілік бірінші соғыстан шығу жолын көрсетіп бергені барлық елдер халықтарының санасында мәңгі сақталуда. Совет халқының өкметті өз қолына алғаннан кейін істеген алғашқы қадамы сол, — ол ұлы Ленин ұсынған бейбітшілік туралы тарихи декретті қабылдады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне топтасқан Отанымыздың халықтары Ұлы Октябрінің отыз жеті жылдығын елімізде экономика мен мәдениетті жаңадан өрге бастыру жайында қарсы алып отыр. Совет халқының табыстары халықтық демократия елдерінің еңбекшілерін қуантып, бүкіл дүние жүзі халықтарының ынтымағын, олардың бейбітшілік пен демократия жолындағы күресте жауынгерлік бірлігін нығайтып келеді.

* * *

Октябрь революциясының отыз алты жылдығынан бері өткен бір жылдың ішінде совет халқы коммунистік құры-

Социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын барынша өркендетуді қамтамасыз ету халық тұтынатын товарлар өндірісін шұғыл өрге бастыру жөніндегі тарихи міндетті шешудегі басты бұрын болып табылады. СОКМ Орталық Комитетінің сентябрь (1953 ж.), февраль-март және июнь (1954 ж.) Пленумдарының қарарларында ауыл шаруашылығын шашпаң өркендетуді қамтамасыз ететін қажетті және шұғыл шаралар белгіленді. Бұл шаралардың аса маңыздылары — барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, жерді, машиналарды неғұрлым толық және тиімді пайдалану, құнарлы тың және тыңайған жерлерді зор көлемде игеру, астық өндіруді арттыру, мал санын көбейтін, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру, колхоз өндірісін өркендетуде МТС ролін күшейту және совхоз өндірісін барынша өркендету болып табылады. Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайту ісі зор роль атқаруға тиіс. Бұл шараларды жүргізу епіншілік пен мал шаруашылығының бірқатар салаларының артта қалушылығын әлқисқа мерзімдерде жоюға мүмкіндік береді.

Коммунистік партия басшылық етіп отырған совет халқы бұл шараларды жүзеге асыру үшін асқан зор жігермен күрес жүргізуде. 150 мыңнан аса маман жұмысшылар, инженерлер, агрономдар мен зоотехниктер тың және тыңайған жерлер игеріліп жатқан аудандарға зерттерімен барып, колхоздарда, МТС-терде және совхоздарда жұмысқа кірісті. Совет Үкметі ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларын техникамен жабдықтауды жылдан жылға күшейтін, колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға орасан көп ең жаңа техника жіберуде. 1954 жылдың тоғыз айында ғана ауыл шаруашылығы 134 мың трактор (15 аттың күшімен есептегенде), 81 мың жүк автомобилі, 26 мың астық комбайны, 19 мыңнан аса тракторға тіркелетін және өздігінен жүретін шөп машиналарын қартон жыйнайтын 9 мың комбайн, сонымен қатар көптеген басқа да машиналар алды.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетудегі қол жеткен табыстар арқасында еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты онан әрі артты. Коммунистік партия мен Совет Үкметі ішкі саясат саласында совет халқының үздіксіз өсіп



циалистік мәдениетті, әдебиетті, искусствоны көркейтуде, халқымыздың рухани байлықтарын көбейте беруге үнемі қамқорлық жасап келеді.

Ленин коммунизм халық бұқарасының өзгерістер жасаушы саналы қызметінің нәтижесі ретінде құрылады деп үйретті. Социалистік сана советтік қоғамның алға басып тездетеді. Сондықтан Коммунистік партия буржуазиялық идеологияның қалдықтарына қарсы, капитализмнің совет адамдары санасындағы барлық сарқыншақтарына қарсы белсенді күреске орасан зор маңыз береді. Коммунизмнің идеяларын бұқараға таратуға, озаттықты, прогрестікті көрсетіп, артта қалғандықты мінеуге, халықтың мүдделерін, оның қаһармандығын, жанқиярлығын және творчестволық күштерін бейнелеуге тиісті біздің советтік әдебиет еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде орасан зор роль атқарады.

Қоғамымыздың өміріндегі маңызды оқиға болатын, совет жазушыларының алдағы Бйінші Бүкілодақтық съезі советтік әдебиетті мұнан да жемістілігімен өркендету жолындағы жаңа міндеттерді белгілеуге тиіс.

Өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени-дәрежесін арттыру саласында Партия мен Үкмет алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындау біздің жұмысымызға, істі дұрыс ұйымдастыруымызға, өзіміздің барлық мүмкіндіктеріміз бен ішкі резервтерімізді пайдалана білуімізге байланысты. Егер қабылданған қарарды жүзеге асыру үшін белсенді, қажырлы күрес жүргізілмесе, ол қарар қаншама жақсы жасалғанмен, алға қойылған мақсатқа жеткізе алмайтынын есте сақтау қажет.

Совет халқы Партия мен Үкметтің еліміздің экономикасын онан әрі өркендету шараларын аса қанағаттанғандық сезіммен қарсы алып, оған жаңа өндірістік өрлеумен жауап берді. Бұқараның инициативасын басқара отырып, оның творчестволық жігерін ұйымдастырып, партия, совет, комсомол және кәсіподақ ұйымдары өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы өндірістік жоспарларды орындауды, еңбек өнімділігін арттыруды, өнімнің өзіндік құнын кемітуді, сапасын жақсартуды көздейтін жарысты кең өрістетіп, үнеміпділік тәртібін қажырлықпен жүзеге асырып отыруға тиіс.

Еңбек өнімділігі, сайын келгенде, — жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуінің ең басты шарғы дейтін лениндік қарғиды жалпы жұртқа мәлім. В. И. Ленин әресе еліміздің коммунизмге өтуі үшін еңбек өнімділігін арттырудың ерекше маңыздылығын атап көрсетті.

табыстар Коммунистік партия мен Совет Үкметінің қоғамның даму заңдарын терең білуге негізделген саясатының советтік қоғамның өндіріс күштерін мықтап өркендетуге, еңбекшілердің материалдық және мәдени өлшеуін арттыруға бағытталып отырғанын көрсетеді.

Совет халқының қаһармандық еңбегі біздің социалистік өнеркәсімізді үздіксіз өркендетуді қамтамасыз етіп келеді. Бесінші бесжылдық жоспар өнеркәсіп өнімін бес жылдың ішінде шамамен 70 процент арттыруды көздеген еді. Бесжылдық жоспардың тапсырмаларын орындау тіпті төрт жылдың ішінде (1951—1954 жылдары) өнеркәсіп өнімінің 1950 жылмен салыстырғанда 63 процент артатынын көрсетеді. Мұның мәнісі — бесжылдық жоспар өнеркәсіп жөнінде мерзімінен бұрын орындалады деген сөз. Сонымен қатар темір жол транспортының жүк айналымы жөнінде де бесжылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалады.

1954 жылдың өткен 10 айы ішінде біздің өнеркәсіміз мемлекеттік жоспарды асыра орындады. Өнеркәсіп өнімін өндіру бұл уақыттың ішінде, өткен жылдың тиісті кезімен салыстырғанда, 12 проценттен аса артты.

Ұлы Ленин, коммунистік қоғам орнату жолдары туралы негізгі қағидаларды белгілей отырып, ауыр өнеркәсіп социалистік экономика негіздерінің негізі болып табылады, ауыр индустриясыз халық шаруашылығының барлық салаларын жаңа, нағыз көзінгі заманғы техникамен жабықтауға болмайды және Станымыздың тәуелсіздігін, дербестігін қамтамасыз ету мүмкін емес деп көрсеткен болатын. Сондықтан Партиямыз бен Совет Үкметі металл мен электр қуатын өндірудің, отын шығарудың және машиналар жасаудың шапшаң қарқынмен өркендеуіне шаралар қолдануда. Егер 1954 жылы еліміздің бүкіл өнеркәсіп өнімі 1940 жылмен салыстырғанда 2,8 есе артатын болса, ауыр өнеркәсіп бұл уақыттың ішінде 3,4 есе артады.

Елімізді онан әрі электрлендіру халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетудің аса маңызды шарты болып табылады. 1954 жылы электр қуаты 1940 жылғыдан 3 есе артық өндіріледі. Бесінші бесжылдықтың төрт жылды ішінде қуатты су электр станциялары: Жоғарғы Свирь, Цимлянск, Өскемен, Гюмүш, Маткожинок, Мингечаур және ішінара Кама су электр станциялары іске қосылды. Дүние жүзіндегі ең ірі — Волгадағы Куйбышев және Сталинград су электр станцияларының құрылысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Ангарада, Обьта және басқа жерлерде су электр станциялары салынуда.

Ауыр өнеркәсіп пен транспортты өркендетуде қол жеткен табыстарға сүйене отырып, Партия мен Үкмет еңбекшілер бұқарасының өсіп отырған тілектерін таяу жылдардың өзінде молынан қанағаттандыру үшін халық тұтынатын заттар өндірісін өркендетудің көлемді программасын жасап берді. Үстіміздегі жылдың өзінде бұл программа іс жүзінде орындала бастады. 1954 жылы 5,5 миллиард метрден аса мақта маталары, яғни 1953 жылғыдан 6 процент және 1950 жылғыдан 43 процент артық өндіріледі; жүн маталар 242 миллион метр, яғни 1953 жылғыдан 17 процент және 1950 жылғыдан 56 процент артық өндіріледі; жібек маталар—520 миллион метр, яғни 1953 жылғыдан 30 процент және 1950 жылғыдан 4 есе артық өндіріледі. Быйылғы жылы халық тұтынатын басқа товарлардың шығарылуы да едәуір арта түседі.

Партия мен Үкмет өнеркәсіп және азық-түлік товарларын көп өндіруді және жоғары сапалы етіп өндіруді өздеріне міндет етіп қойып отыр.

Быйылғы жылы еліміз ауыл шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға жетті. Елімізде егіс көлемі 1954 жылы, 1950 жылмен салыстырғанда, 13 процент артты. Үстіміздегі жылы еліміздің бірқатар аудандарында (Украинаның оңтүстігі мен Поволжье аудандарында) ауылшаруашылық дақылдарының өніміне ауа райының жағдайы қолайсыз болды. Осыған қарамастан, егінің шығымдылығын арттыру тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде Партия мен Үкмет белгілеген көлемді программаны жүзеге асырудың арқасында, 1954 жылы дөңді дақылдар өнімінің жалпы түсімі 1953 жылғыдан біраз артық болғаны отыр. Батыс Сибирь аудандарында, өткен жылмен салыстырғанда, астық екі есе артық, соның ішінде Алтайда — төрт есе дерлік артық жыйналады, ал Қазақ республикасында, шамамен, 35 процент артық жыйналады.

Ауылшаруашылығының еңбекшілері үстіміздегі жылы еңбекте дақты ерлік жасады. Олар жаңа жерлерді игерудің бүкіл халық мақұлдаған мемлекеттік жоспарын едәуір асыра орындады. Қазақстан, Сибирь, Урал, Поволжье және Солтүстік Кавказ аудандарында тың және тыңайған жерлер игерудің 1954—1955 жылдарға белгіленген жоспары быйылғы жылы 120 процент орындалды. 17 миллион гектар дерлік тың және тыңайған жерлер жыртылды, ал тың және тыңайған жерлерде егін егу жоспары 157 процент орындалды. Жыйнақталған тәжірибені және нақты мүмкіндіктерді есептей отырып, Коммунистік партия мен Совет Үкметі тың және тыңайған жерлерді көтеру жұмыстарын едәуір ұлғайту жөнінде қарар қабылдады. Алдымызға маңызды зор міндет—1956 жылдың өзінде жаңадан игеріліп жатқан жерлерде егіс көлемін 28—30 миллион гектарға жеткізу міндеті қойылып отыр. Егіс көлемінің мұндай артуы Франция мен Италияны қоса алғанда, шамамен олардың бүкіл егіс көлеміне тең келеді.

Мал шаруашылығын онан әрі өркендету мемлекеттік маңызы зор іс болып табылады. Өткен жылдың ішінде өнімді малдың барлық түлігінің саны бірсыпыра көбейді. Жұртқа мәлім: 1953 жылғы 1 январьда елімізде 24,3 миллион сыйыр болған еді, ал 1954 жылғы 1 октябрьге сыйырдың саны 27,5 миллион болды, яғни 3 миллионнан аса көбейіп, соғысқа дейінгі дәрежесіне толық дерлік жетті. Өткен жылдың ішінде қолхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің жеке меншігіндегі сыйыр малының, шошқаның және қойдың саны да көбейді. Бірақ, еліміздің ең қажетті мүдделері барлық партия және совет ұйымдарының мал шаруашылығын өркендетуге көбірек қажырлық жасауын талап етеді. Өткен жылы бірқатар аудандардың қолхоздарында мал қыстату жағдайларының қолайсыз болуы себепті малдың көбеймегені былай тұрсын, қайта біраз азайды, мұндай халге төзіп отыруға болмайды. Алдағы қыс маусымына арнап жем-шөттің қажетті запарларын жасау керек, төлді түгел сақтап, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру керек, сөйтіп, халыққа керекті ет, май, сүт, жүн және басқа өнім өндіруді ұлғайтатын бөлу керек.

Быйыл анықтан Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі социалистік ауыл шаруашылығының ұлы күшін және өмірге бейімділігін айқын көрсетеді. Бүкілхалықтық мектеп болып отырған бұл көрме ССРО-дағы ауылшаруашылық ғылымының табыстарын, қолхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың озат тәжірибесін, өндіріс жаңашыларының тәжірибесін насихаттайды. Бізде артта қалған, жерді нашар, тиімсіз пайдаланатын, егіннен өнімді аз алатын, мал шаруашылығының өнімділігі жеткіліксіз шаруашылықтар әлі де көп. Көрменің орасан зор маңызы—оның озат шаруашылықтардың прогрестік жұмыс әдістерін көрсете отырып, оларды барлық басқа қолхоздарда, МТС-терге және совхоздарда енгізуге көмектесетіндігінде.

Отырған материалдық және мәдени керектерін неғұрлым толық қанағаттандыруды өздерінің басты міндеті деп есептейді.

Бесінші бесжылдықтың төрт жылы ішінде ССРО-ның халық шаруашылығындағы жұмысшылар мен қызметшілердің саны едәуір өсіп, 1954 жылдың аяғында 47 миллион адамға жетеді. Мұнымен бірге жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысы, шамамен, 1940 жылғыдан 74% өседі, ал халықтың мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық қажеттерін өтеуге жұмсалып отырған мемлекеттік қаржының өсуі есепке алғанда, жұмысшылар мен қызметшілердің барлық кірісі бұл уақыттың ішінде екі есе дерлік көбейеді. Совет үкметі халықтың тұрмыс дәрежесін арттыру шараларын үнемі жүргізіп отырады, оның ішінде товарлардың мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын үнемі кемітіп келеді. 1947—1954 жылдардың ішінде товарлардың бөлшек сауда бағалары жеті рет кемітілді. Мұның нәтижесінде 1954 жылы бөлшек сауда бағалары 1947 жылғыдан 2,3 есе кеміді. Қолхоз рыногінің бағалары бұл уақыттың ішінде 4 есе дерлік кеміді. Мұның арқасында халықтың зат сатып алу қабілеті едәуір өсті.

Бұған байланысты товар айналымын онан әрі кең өрістетіп, халық тұтынатын товарлар өндірісін ұлғайту шараларын қолдану қажет болды. Халық тұтынатын заттар өндірісін ұлғайту нәтижесінде халыққа сатылатын товарлар едәуір көбейтілді. 1954 жылы бұл товарлардың рыноктік қорлары 1950 жылғыдан мынадай мөлшерде көбейді: еттік өнімдер мен қант—1,9 есе дерлік, балық өнімдері мен мал майы—1,6 есе дерлік, өсімдік майлары—2 есе дерлік, мақта, жүн, зығыр және жібек маталары—66%, мебель 2,9 есе көбейді.

Еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыру ісінде олардың тұрғын үй жағдайларын жақсартудың орасан зор маңызы бар. Бесжылдық жоспар тұрғын үйлер құрылысына жұмсалатын күрделі қаржыны, шамамен, өткен бесжылдықтардан екі есе көбейтуді көздейді. Бесжылдықтың төрт жылының өзінде бұл құрылысқа жұмсалған қаржы 1,8 есе өсті. Төрт жылдың ішінде қалалар мен жұмысшы поселкелерінде мемлекеттік тұрғын үйлер құрылысы бойынша жалпы көлемі 86 миллион шаршы метр жаңа тұрғын үйлер салынады. Оның үстіне қалалар мен жұмысшы поселкелерінің халқы өз қаржысының есебінен және мемлекеттік несиенің көмегімен жалпы көлемі 30 миллион шаршы метрден асқан жаңа тұрғын үйлер салады. Алайда қол жеткен табыстар біздің өсіп отырған керектерімізді қанағаттандыра алмайды. Коммунистік партия мен Совет Үкметі еңбекшілердің тұрғын үй жағдайларын онан әрі қажырлықпен жақсарту береді.

Жұмысшылар мен қызметшілерді әлеуметтік хауісіздендіру қорларының және халықтың әртүрлі топтарын әлеуметтік қамтамасыз ету қорларының үздіксіз өсуі де еңбекшілер бұқарасының тұрмыс дәрежесінің артып отырғанын дәлелдейді. Қолхоздардың қоғамдық шаруашылығының жалпы нығайуына, ауылшаруашылық өнімдерінің дайындау және сатып алу бағаларының арттырылуына, салықтардың азайтылуына және өткен жылдардың недонимқаларының жойылуына байланысты быйыл шаруалардың нақтылы табымы көбейді.

ССРО еңбекшілерінің мәдени дәрежесін арттыру ісінде едәуір табыстарға қол жетті. Мектептерде, техникумдарда және жоғары оқу орындарында оқушылардың саны жылдан жылға көбейуде. Быйыл жоғары мектептің бірінші курсына 450 мыңнан астам адам алынды, бұл—біздің елімізде жоғары оқу орындарының өмір сүруінің бүкіл уақыты ішінде ең көп қабылданғаны.

Партия мен Үкмет советтік ғылымды өркендетуге, со-

1954 жылы өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі өткен жылғыдан, шамамен, 7%, ал 1950 жылғыдан 33% өседі. Алайда, еңбек өнімділігінің өсуінің мұндай қарқыны жеткіліксіз екенін мойындау қажет. Өнеркәсіптің кейбір салаларында, құрылыста және ауыл шаруашылығында мол техника әлі жеткіліксіз пайдаланылады, ғылым мен техниканың ең жаңа табыстарын кеңінен енгізу жеткіліксіз, еңбекті және өндірісті ұйымдастырудағы кемшіліктердің жойылуы нашар, озат тәжірибенің енгізілуі баяу.

Өнеркәсіптің жұмысындағы ірі кемшіліктердің бірі — кәсіпорындардың өнімді біржелкісіз шығаратындығы. Көптеген заводтар мен фабрикалар бірқалыпты жұмыс істеп отырмайды, өнімді ай бойына біржелкісіз шығарады. Кәсіпорындар айдың бірінші жартысында, оның екінші жартысындағыдан едәуір төмен дәрежеде жұмыс істейді, мұның өзі өнеркәсіпте еңбек өнімділігінің өсуіне зиянды зардабын тигізеді.

Партия мен Үкмет өнеркәсіп орындарының неғұрлым біржелкі жұмыс істеуін қамтамасыз етуді және өндіріс программасын әрбір заводтың, фабриканың, шахтаның, темір жолдың орындап отыруын өнеркәсіп саласындағы аса маңызды міндет деп есептейді.

Бізге өнімсіз шығындар, басқарушы аппараттың қажетіне жұмсалатын артық шығындар әлі де көп, халықтың дәулетіне ұқыпсыз, салақ қарау, социалистік өндірістегі резервтерді дұрыс пайдалана білмеу фактілері аз емес.

Жұмыстағы кемшіліктермен батыл күресу керек, бұл кемшіліктерді батыл ашып жойып отыру керек, қыйыншылықтардың қандайын болса да жеңе білу керек. Біздің күшіміздің өзі де —біздің өз кемшіліктерімізді апудан және сынаудан қорықпайтындығымызда. Өз кемшіліктерімізді адал мойындап, оларды мезгілінде жойып отыру біздің советтік құрылысымызды нығайтуға онан сайын мықтап көмектеседі.

Социалистік экономиканы онан әрі өркендету міндеттері еңбек тәртібін нығайтуды, еңбектің өлшеуі мен тұтынудың өлшеуін мейлінше қатаң бақылап отыруды, өнімді өркімнің еңбегіне қарай бөлу принципінің бұлжытпай пайдалануды және қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыруға, қоғамдық шаруашылықты ұлғайтуға материалдық ынталылығын күшейтуді талап етеді. Мұнымен бірге, еңбек ресурстарын дұрыс бөліп, оларды көбінесе өндіріс саласына, яғни фабрикаларға, заводтарға, қолхоздарға, МТС-терге және совхоздарға жыйнақтаудың социалистік қоғам үшін ерекше маңызы бар. Қазіргі уақытта, халықтың тұтыну дәрежесін үнемі арттыра беру міндетін совет халқы жүзеге асырып жатқан кезде, материалдық өндіріс саласындағы еңбектің үлесін арттырып, өндірістік емес саладағы еңбек ресурстарын азайтудың зор маңызы бар. Бұл мақсатпен бізде мемлекеттік аппаратты қысқартып, оның құрылымын ықпалдауға бағыт алынып отыр.

Мемлекеттік басқарудың лениндік принциптерін басшылыққа ала отырып, Партия мен Үкмет біздің мемлекеттік аппаратымыздың неғұрлым үнемшіл және халыққа жақын болуына тырысады, біздің мекемелеріміздегі кеңесшідікті, қағазбастылықты және бюрократизмнің басқа да көріністерін жою, аппараттың барлық буындарының еңбекшілер қалың бұқарасымен байланысын нығайту үшін күрес жүргізіп отырады.

Совет мемлекетін орнатушы В. И. Ленин жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағы Советтік құрылыстың күшінің және беріктілігінің негізі болып табылатынын талай рет көрсетті. Ленин жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағын — пролетариат диктатурасының ең жоғары принципі, коммунистік құрылыстың міндеттерін

(Соңы 2-бетте).

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы

Москва Советінің 1954 жылғы 6 ноябрьдегі салтанатты мәжлісінде М. З. САБУРОВ жолдастың баяндамасы

(Соңы. Басы 1-бетте).

ойдағыдай орындау үшін біздің барлық күшіміздің сарқылмайтын бұлағы деп білді. Партия мен Үкметтің өнеркәсіпті және ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі шаралары жұмысшы табы мен шаруалар одағының онан сайын нығаюына, Совет мемлекетінің экономикалық және саяси қуатының артуына көмектеседі.

Көп ұлтты Совет мемлекетінің құрылып, нығаюы— Октябрь социалистік революциясының аса ұлы табысы. Октябрь революциясы Россияның толып жатқан халықтарын ұлттық езгіден азат етті, ұлы Отанымызды мекендейтін барлық халықтардың экономикалық, саяси және мәдени өрлеуіне жағдай туғызды. Партия мен Совет мемлекетінің лениндік- сталиндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүзеге асыруы нәтижесінде еліміздің барлық ұлттарының экономикасы және мәдениеті өркендеді, олар біртұтас туысқан семья болып бірікті, мұның өзін ССРО халықтары әсересе былып, даңқты тарихи датаны —Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын мерекелеген кезде ерекше айқын көрсетті. Бұл тек украин және орыс халықтарының ғана емес, пролетарлық интернационализм туы астында мызғымайтын достықпен топтасқан Совет Одағының барлық халықтарының да зор мерекесі болды.

Біздің ішкі жағдайымыз қай уақыттағыдан болса да бекем. Бүкіл Совет халқы өзінің социалистік Отанын онан әрі өркендету үшін еңбек етуге берік бел байлауды. Халқымыздың Партия мен Үкмет төңірегіне берік топтасқандығы, оның мызғымас моральдық- саяси бірлігі Совет Одағының коммунистік қоғам орнату жолында ойдағыдай алға баса беруінің жөнілі болып табылады.

* * *

Елімізде шаруашылық және мәдениет құрылысының зор көлемде жүргізілуі, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің совет адамдарының материалдық әл-ауқатын үнемі арттыра беруге бағытталған дәйекті шаралары Совет Одағының бейбітшілік саясатын айқын көрсетеді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін адамзаттың тарихында тұңғыш рет өзінің ішкі және сыртқы саясаты толығымен халық бұқарасының мүдделеріне, халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі ісіне қызмет етуге бағындырылған мемлекет орнады. Ұлы Ленин тұжырымдап берген бұл саясаттың негізгі принциптері, екі жақтың да ынтымақтасатын тілегі болған күнде, өздеріне алған міндеттемелерді орындауға әзір тұрған күнде, тең праволылық және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципін сақтаған күнде, социалистік және капиталистік системалардың бейбітшілігін қатар өмір сүруі мүмкін екенін мойындауға негізделген.

Өткен 37 жылдың ішіндегі халықаралық қатынастардың практикасы қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттер арасында олардың өзара мүдделері үшін экономикалық, саяси және мәдени ынтымақ жасауға әбден мүмкін екенін айқын көрсетті. Жалпы бірдей бейбітшілікті нығайту мүдделері үшін бұдан былай да осындай ынтымақ жасауға

сіздік жолындағы күресте аса маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Жуырда Қытай Халық Республикасы өзінің бесжылдығын атап өтті. Еркін және тәуелсіз Қытай Халық Республикасының құрылуы Қытайдың тарихында ғана емес, сонымен бірге бүкіл адамзаттың тарихындағы аса зор оқиға болды. Бұл — тарихи факт, оның маңызы баға жеткісіз зор. Алты жүз миллион туысқан қытай халқының тарихи табыстары, оның өз елінде халықтық- демократиялық құрылыс орнатып, нығайтудағы жетістіктері совет халқының шын ниетті қуанышын тудырып отыр. Халықтық Қытайдың ұлы жеңістерін жуырда халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы қабылдаған және Қытайда социализм орнату принциптерін жариялаған Қытай Халық Республикасының Конституциясы баянды етті.

Қытай халқының бұрынғы жағдайы, шетелдік империалистер сапқын қытай реакцияшыларымен ауыз біріктіріп, ұлы халықты қорлаған, халықаралық мәселелерді шешуде оны қандай да болса дербестілік ролінен айырған жағдай үзіді- жесіді жойылды. Халықаралық реакцияның, ең алдымен АҚШ агрессияшы топтарының қарсыласуына қарамастан, Қытай Халық Республикасы шын мәнісіндегі ұлы держава және бейбітшіліктің қуатты факторы ретінде халықаралық аренаға берік қадаммен шықты.

Барлық халықтық- демократиялық елдер мен Совет Одағын мызғымас достық және туысқандық ынтымақ байланыстырып отыр. ССРО-дағы социалистік құрылыс кезіргі уақытта Ұлы Октябрь социалистік революциясы ашып берген жолға түскен барлық халықтар үшін аса бай тәжірибенің қайнар бұлағы болып табылады.

Өз туларының астына 900 миллион адамды біріктірген демократия мен социализмнің қуатты лагеріне, оның бейбітшілік жолындағы дәйекті және мызғымас жүресіне капиталистік елдерде де барған сайын қалың жұртшылық топтары жалынды тілектестік білдіріп, оны белсене қолдауда. Халықтар бейбітшілік ісін бұрынғыдан да берік қолға алып отырған біздің кезіргі заманымыздың аса ұлы тарихи алға басқан қадамы осының өзінен-ақ айқын көрінеді.

Совет Одағы бастаған бейбітшілік күштерінің дәйекті және айқын мақсатты күресі соңғы уақытта белгілі жақсы нәтижелерге жеткізді. Кореяда соғыстың хауіпті ошағы сөндірілді. Женева кеңесінің ойдағыдай аяқталуы нәтижесінде Индо- Қытайда соғыс қоймындары тоқтатылды, мұның өзі Индо- Қытай халықтарының заңды ұлттық мүдделерін ойдағыдай еске ала отырып, Индо- Қытай мәселесін біржолата реттеуге мүмкіндік тудырды. Женева кеңесінің табысы Шығыс халықтарының ұлт- азаттық қозғалысының мызғымас қуатты қозғалыс екенін айқын көрсетіп берді, бейбітшілік лагерінің күші артып отырғанын, халықаралық даулы мәселелер жөнінде дипломатиялық келіссөздер жүргізу әдісінің тиімді екенін көрсетіп берді.

Соңғы уақытта ССРО-ның басқа елдермен экономикалық және мәдени байланыстары едәуір кеңейіп, онан сайын ұлғая түсуде, мұның өзі, күмән жоқ, халықаралық жағдайды тұтасымен бір қалыңқа келтіруге көмектеседі.

Соңғы уақытта біздің елдің Югославиямен қатынастары жақсарды. ССРО мен Югославия арасындағы қатынастарды

қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану ісінде аса үздік нәтижелерге жетті: ССРО-да кезіргі өзінде атом қуатын пайдаланатын электр станциясы жұмыс істеуде.

Совет Одағы атом қаруына тыйым салу күресінде өзінің күші салуын бәсеңдетпейді. Біріккен Ұлттар Ұйымында совет делегациясы Бас Ассамблеяның қарауына енгізген — атом, сутегі қаруларына және жашай қырып- жоюдың қарудың басқа түрлеріне тыйым салын, оларды мемлекеттердің қару- жарағы санынан шығару туралы, қару-жарақты едәуір азайтып, бұл қарарлардың жүзеге асырылуына халықаралық бақылау қою туралы халықаралық конвенцияның (договордың) негізгі ережелерінің жобасы Совет Одағының жоғарыда айтылған позициясына тікелей байланысты. Совет Одағының ұсынысы бұл мәселелерді шешу үшін нақтыны, практикалық шаралар қолдануды көздейді.

Совет Одағының бұл жаңа ұсынысын дүниежүзілік жұртшылықтың ең қалың топтары қостап қарсы алғанын біз қанағаттанғандықпен атап көрсете аламыз. Алайда, мұнымен бірге, Совет үкметінің соңғы ұсынысының маңыздылығы туралы жай мәлімдемелердің өзі кезіргі уақытта жеткіліксіз екенін мойындамауға болмайды. Бұл мәселелерді жаңа түйыққа кездестіру, келісуге әдейі кедергілер жасау, бұл маңызды мәселелер бойынша келіссөздерде елдердің позицияларын жақындастыратын жағдайларды көрмеуге тырысу әрекеттеріне қарсы неғұрлым батыл және белсенді күрес жүргізу керек болады.

Сол сыяқты бір жағынан Батыс Германиядағы көкшіл күштерге есікті кең ашып, герман милитаризмін қайта туғыза отырып, мұнымен бірге қарусыздану туралы сөздермен шындан шұғылдануға болмайды. Гитлершілдердің қанқұйлы үстемдік жүргізген күндерін Европаның халықтары әлі ұмытқан жоқ.

Жуықта өткен дәуірдің фактілері тұрғысынан қарағанда, Батыс Германияда милитаризмді қайта туғызуды жақтаушылардың әдіс- айдалары қалың жұртшылық топтарын ызаландырмай қоймайды. Бұған байланысты батыс мемлекеттерінің Лондондағы және Париждағы сепараттық кеңестерінде герман мәселесі бойынша қабылданған қарарларға соқпай өтуге болмайды.

Герман милитаризмінің қайта туғызылуына жол бермеу жөнінде Совет Одағымен бірге алған міндеттемелеріне қайшы келіп, АҚШ-тың, Англияның және Францияның үкметтері халықтардың бейбітшілікке ұмтылған еркін елемей, Батыс Германияда вермахты (армияны) қайта құру туралы Батыс Германияның милитаристерімен және көкшілдерімен сепараттық келісім жасасты. Батыс Германияны ремильтарландыру туралы Париж келісімдері алғашқы кезде Батыс Германияның жарты миллиондық армиясын құруды көздейді. Бірақ Бонн үкметі өзінің онан анағұрлым көп корпусстар мен дивизиялар ұйымдастыру жоспарларының бар екенін, мұның өзі Париж келісімдерінде көзделгенін кезіргі өзінде жасырмайды.

Батыс Германияның өнеркәсібі, оның ішінде Рурдың, гитлерлік Германияның соғыс арсеналы болып қызмет еткен Рурдың соғыс өнеркәсібі Батыс Германияны қаруландыруға қызмет ететін болып кезіргі өзінде қайта құрылуда. Германиямен іргелес европалық мемлекеттерге қарсы жаңа соғысты ашық уағыздайтын милитаристік және фашистік объектіні Батыс Германияда кейінен таратылуы

Батыс Германияны қаруландыру Европаның халықтары үшін және бүкіл адамзат үшін орасан зор хауіп туғызатындығын, өйткені Батыс Германияның милитаристік ниеттегі билеп- төстеуші топтарының қарамағында көп ұзамай қарудың басқа түрлерімен қатар, атом қаруы да болатынын, олар бұл қаруды өздерінің көкшілдік, агрессивалық мақсаттарына қолдануға сөзсіз әрекеттенетінін батыс европалық капиталистік елдердің үкметтері сірә ұмытатын болса керек.

Батыс Европадағы кейбір шорқақ саясатшылар: Лондон және Париж келісімдері бекітілгеннен кейін төрт державаның герман мәселесі бойынша келісімге келу мүмкіндігі жақсарды- мыс дейтін жалған тезисті насихаттайды. Алайда бұған тек аңқау адамдардың ғана сенуі мүмкін. Шынында, Париж және Лондон келісімдерін бекіту және оларды жүзеге асыру герман проблемасы бойынша келісуге жаңа кедергілер жасап, Германияның кезіргі өкіге бөлектелуін тереңдете түседі, герман ұлтын ұзақ жылдар бойына осындай бөлшектеген калде қалдырады.

Европадағы бейбітшілік мүдделері, сол сыяқты герман халқының өзінің мүдделері Германияның бірлігін бейбітшілік және демократиялық негізде тезінен қалпына келтіріп, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын жасауды талап етеді. Сол сыяқты бұл мүдделер, ремильтарландырылған Батыс Германия қатысатын томаға- түйық соғыс топтарын ұйымдастыру орнына, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын жасауды талап етеді. Барлық европалық мемлекеттердің күші біріктіруі негізінде құрылған мұндай хауіпсіздік системасы халықтың өмірлік мүдделеріне сай келеді, өйткені Европада бейбітшілікті сақтаудың жалпы бейбітшілікті сақтау үшін шешуші маңызы болар еді.

Белгілібір халықаралық проблеманың дүние жүзінде болып жатқан тарихи өзгерістерді байсалдылықпен еске алатын шешімі ғана өмірдің сынына төтеп беретініне совет адамдары қатты сенеді. Біздің пікірімізше, қоғамдық системаларының қандай болуына қарамастан, барлық елдерге тиімді және пайдалы болатын нәқ осы принцип реттелмеген халықаралық проблемаларды, оның ішінде Европа мен Азиядағы проблемаларды шешудің негізіне алынуға тиіс.

* * *

Жолдастар! Ұлы Октябрь социалистік революциясының бері неғұрлым ұзақ уақыт өткен сайын, бүкіл адамзаттың тарихи тағдырларына оның ұлы өзгерістер жасаушылық әсері солғурлым толық және жан- жақты ашыла береді.

Совет мемлекетінің даңқты отыз жеті жылдық тарихы социализмнің капитализмнен үздік артықшылығын даусыз күшпен көрсетіп, Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің жеңімпаз ілімінің нағыз салтанаты болды.

Біздің жолымыз дұрыс. Біздің бөгелмей алға баса беруімізді тоқтата алатын күш дүние жүзінде жоқ. Туысқан қытай халқы және Европа мен Азияның халықтық демократия елдерінің сан миллион халық бұқарасы Ұлы Октябрь салған жолмен, біздермен бірге алға басуда. Бейбітшілік, демократия және социализм үшін күрестегі біздің ортақ ісімізге бүкіл прогресшіл адамзат шын ниетімен тілектестігін білдіріп отырады.

Совет халқы өзінің ұлы тарихи миссиясын орындамақтан етеді және өз жолындағы кедергілердің бәрін жеңіп, алға басып баратынын бізге баяндап отыр.

ның бұдан былай да өзінің басқа елдермен қатынастарын жоғарыда көрсетілген мемлекеттер арасындағы қатынастар принциптеріне негізден құратынына күмәнданбауға болады. Егер басқа мемлекеттер тарапынан да Совет Одағының жұмсап отырғанындай күш-жігер жұмсалатын болса, бұдан бейбітшілік ісі тек ұтқан болар еді.

Бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздік үшін күресу Совет Үкметінің сыртқы саясатының негізі болып келеді және бола береді. Біз мұндай саясат Совет Одағы мен демократиялық лагердегі елдер халықтарының мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге басқа да үлкенді-кішілі барлық мемлекеттердің мүдделеріне сай келеді деп кәміл сеніп отырмыз.

Алайда, Совет Одағының бейбітшілікке ұмтылған талабын оның әлсіздігінің белгісі деп қарау дұрыс болмас еді. Совет мемлекеті өзінің мүдделері мен хауіпсіздігін қорғай білетінін сан рет және мейлінше көз жеткізе дәлелдеп берді. Совет адамдары, қажет болған күнде, агрессордың қандайына болса да қарсы күресте қолына қару алып та өзін қорғай біледі. Барлық жұртқа мәлім фактілерді келтіріп жатудың қажеті жоқ, бұл фактілерді біздің достарымыз ғана емес, сонымен бірге біздің дұшпандарымыздың да есінде жақсы сақтап отырғаны күмәнсіз. Осыған байланысты Америка Құрама Штаттарындағы кейбір қайраткерлердің Совет Одағымен «күш жұмсау позициясы» дейтін тұрғыдан сөйлесуге тырысатын әрекеттері мүлде таңданарлық ерсі көрінеді. Мұндай тілмен сөйлесу Совет Одағымен қатынастарда ешудақытта да табысқа жеткізген емес. Ал кәзіргі уақытта, ССРО, тіпті оның жауларының мойындауына да, өз күштерін бұрынғыдан да еселеп арттырған кезде және социализм орнату жолына берік түсіп, бейбітшілік пен прогресс күштерінің алдыңғы қатарында Совет Одағымен бір сапта келе жатқан Азияның аса ұлы мемлекеті — Қытай Халық Республикасы, барлық халықтық-демократиялық елдер Совет Одағымен бірге бейбітшілік жолындағы күреске аттанып отырған кезде мұндай тілмен сөйлесу мүлде қыйсыныс болып табылады.

Орталық және Шығыс Европа елдері халықтарының осы жолмен ойдағыдай алға басып келе жатқанына он жыл болды. Осы он жылдың ішінде бұл елдердің бейнесі мүлде өзгерді. Жаңа құрылыстың жеңісі европалық халықтық демократия елдерінің алдында экономика мен мәдениетті өркендетудің орасан зор, бұрын болып көрмеген мүмкіндіктерін ашып берді. Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Болгарияның, Румынияның, Албанияның еңбекшілері социализм орнату жолына түсіп, өздерінің игілікті ісінің барлық салаларында ірі табыстарға жетті.

Бұл елдердің сыртқы саясаттағы позициялары да түбірімен өзгеріп, олардың халықаралық аренадағы ролі арта түсті. Орталық және Шығыс Европаның мемлекеттері талай ондаған жылдар бойы империалистік державалардың айла-сұмдықтары мен арандату әрекеттерінің объектісі болып, империалистер бұл мемлекеттерді көп жағдайда өздерінің агрессиялық саясатының қолшоқпары ретінде пайдаланды. Мұндай жағдай енді келмеске кетті. Кәзіргі уақытта шын мәнісінде тәуелсіздікке жеткен европалық халықтық демократия елдері халықтар арасындағы бейбітшілік үшін белсене күрес жүргізуде.

Быйылғы жылы октябрьде Германияның алдыңғы қатарлы күштері шын мәнісіндегі демократиялық және бейбітшілік мемлекет—Герман Демократиялық Республикасы құрылуының алғашқы бесжылдығын салтанатпен атап өтті. Бұл даңқты күн Германияда ғана емес, сонымен бірге одан тысқары жерлерде де аталып өтті. Мұның өзі түсінікті де, өйткені Герман Демократиялық Республикасының құрылуы, оның шаруашылық және саяси табыстары неміс халқының өзінің біртұтас, тәуелсіз демократиялық бейбітшілік мемлекетін орнату жолындағы күресінде аса маңызды фактор, Европа мен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен хауіп-

бірқалыпқа келтіруге бөгет болған келісімдерді айыпды, сауданы қайта бастауға және мәдениет мәселелері мен басқа мәселелер жөнінде байланыстар ұйымдастыруға қадамдар жасалды. Югославия үкметі Совет Одағымен қатынастарды жақсарту ісінде ынтымдақтасуға өзін екенін білдірді. Ал Совет үкметіне келетін болсақ, ол бірқалыпты және достық байланыстар орнату мүмкіндіктерінің бәрін пайдалану екі елдің халықтарының мүдделері үшін тиімді деп санайды. Соңғы жылдары біздің мемлекеттеріміз арасында байқалған кейбір талас пен жаратпаушылық тек ССРО мен Югославияның жауларына ғана, бейбітшілік жауларына ғана пайдалы еді. Ал мұның керісінше, Совет Одағы мен Югославия халықтарының арасындағы ынтымдық пен шын ниетті достық біздің елдеріміздің мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік мүдделеріне де толық сай келеді. Совет үкметі өз тарапынан Совет—Югославия қатынастарын толығымен бірқалыпқа келтіруге, біздің халықтарымыздың туысқан Югославия халықтарымен ежелгі достығын нығайтуға бұдан былай да барынша ат салысады және ол бұл істе Югославия тарапынан өзара толық түсінісушілік білдіреді деп сенеді.

Халықаралық даулы мәселелерді мүлдем мемлекеттер арасында шешу негізінде, бейбітшілікті онан әрі нығайту және халықтардың еркін дамуын қамтамасыз ету мүдделері үшін шешуге болатындығы және шешу қажет екендігі туралы Совет Үкметінің белгілі қағидасын әртүрлі елдердің қалың жұртшылық топтары барған сайын терең түсініп, қолдауда.

Халықаралық шиеленісті бәсеңдетуде қол жеткен табыстарды бүкіл дүние жүзінің халықтары аса қанағаттанған сезіммен қарсы алды, бұл табыстар халықтардың өз күштеріне сенімін, жаңа соғысқа жол бермейтін, бейбітшілік ісін қорғайтын қаблетіне сенімін бұрынғыдан да гөрі арттыра түсті.

Совет халқы халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету мүмкіндіктері әлі толық пайдаланылған жоқ, бұл бағытта тек бірінші қадамдар ғана жасалып отыр деп біледі. Сонымен бірге біз бұл жолда кейбір державалардың агрессияшыл топтары жасап отырған елеулі кедергілер тұрғанын айқын түсінеміз. Бұл топтар халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге кедергі келтіру үшін үсті-үстіне жаңа айла-әрекеттер жасап, Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріне қарсы бағытталған соғыс топтарынан онан әрі топтастыруда. Мұндай топтар Европада, Азияда және дүние жүзінің басқа аудандарында құрылуда. Бұл топтарды құрумен бірге Құрама Штаттардың шекараларынан көп мыңдаған километр алыс тұратын басқа елдердің территорияларында жөптеген жаңа америка базалары құрылуда.

Бейбітшілікті нығайту мүдделері кәзіргі уақытта қару-жарақты азайту, атом және сутегі қаруына тыйым салу проблемасын ең маңызды және ең шұғыл проблемалардың бірі етіп қойып отыр. Бұл міндеттерді шешу соғыс шығындарын мықтап азайтқан болар еді, бүкіл ауырсамағы еңбекшілерге түсіп отырған салық ауыртылуының кеміткен болар еді. Бұл міндеттерді шешу, күмән жоқ, бүкіл халықаралық жағдайды түбірімен жақсартуға жеткізген болар еді.

Атом қуатын өндіру және пайдалану—қоғамның өндіргіш күштерін онан әрі дамыту ісінде орасан зор перспектива ашып отырған адамзат даналығының ұлы табысы. Бірақ кейбір елдердің ықпалды топтарының атом қуатын соғыс жоспарларының қызметіне пайдалану мақсатын көздеп отырғаны жасырын сыр емес. Халықтардың өмірлік мүдделері атом қуатын қыратып-бұзуды және адамдарды жаппай қыру мақсаттарына пайдалануға аса қатаң тыйым салуды, табиғаттың бұл қуатты күшін тек игілікті істің мүдделеріне, адамзат прогресінің мүдделеріне ғана қолдануды талап етуде. Жұртқа мәлім, советтік ғылым атом

тегін емес. Кеше ғана Францияға, Польшаға, Чехословакияға, Совет Одағына және басқа бейбітшілік мемлекеттерге қарсы гитлерлік агрессияның ұйымдастырушылары болған адамдардың ықпалы Батыс Германияда барған сайын ұлғаяуда.

Сонымен, Лондон және Париж қарарлары Батыс Германияны милитаристік мемлекетке айналдыруға бастайды. Париж келісімдері бойынша, Батыс Германияның армиясы атом қаруымен қарулануға мүмкіндік алатындығын да естен шығармау керек. Оның үстіне бұл келісімдерде Батыс Германияда атомдық зерттеулер саласындағы жұмыстардың жеңінен жүргізілетіні турасынан ескертілген.

Кеше ССР Одағының Үлкен театрында

Совет халқы және бүкіл прогресшіл адамзат Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын салтанатпен атап өтуде. Біздің көп ұлтты мемлекетіміздің қалалары мен селолары мейрамдағыдай безендірілді. Москваңың көркі ерекне салтанатты. Алтын оқалы баулары жайнаған қызыл туларды жел есіп желбіретіп тұр. Үйлердің маңдай алдында—Б. И. Лениннің, И. В. Сталиннің, Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Совет Үкметінің басшыларының портреттері. Барлық жерде де СОКН Орталық Комитетінің ұрандары жазылған алқызыл транспаранттар күн көзіне шағылысады.

ССР Одағының Үлкен театры мейрамдағыдай безеніп тұр. Оның фронтонында Совет мемлекеті қуатының қайнар бұлағы болып табылатын халықтар достығын бейнелейтін одақтас республикалардың пербтері түсірілген қызыл тулар желбіреуде. Театрдың маңдай алдында—Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің портреттері.

Театрдың залы мен сахнасы өте әсем жейнетелген. Сахнаның төрінде В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің тулармен көмкерілген барельефі. «Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы жасасын!» деп жазылған сөздер алтындай жарқырайды. Оның екі жағында—«1917» және «1954» деп даңқты жылдар жазылған.

6 ноябрьде Үлкен театрдың залына Москва кәсіпорындарының құрылыстарының озат жұмысшылары, ғылым, әдебиет және искусство қайраткерлері, партия және қоғам ұйымдарының өкілдері, Совет Армиясының жауынгерлері, министрлер, ССРО Жоғарғы Советі мен РСФСР Жоғарғы Советінің депутаттары лық толды.

Шетелдерден келген делегациялар да қатысып отыр.

Кешкі сағат 7. Еңбекшілер депутаттары Москва Советінің салтанатты мәжілісіне жыйналғандар Н. А. Булганин, К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, В. М. Молотов, А. И. Микоян, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев, Н. М. Шверник, М. А. Суслев, П. Н. Поспелов, Н. Н. Шаталин жолдас-тардың президиумға келуін ду қолшала-лақтан қарсы алды.

Москва Советінің партия, қоғам ұйымдарының және Совет Армиясының өкілдерімен басқосқан, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған салтанатты мәжілісін председа-

тельдік етуші М. А. Яснов жолдас ашылды деп жариялады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы туралы баяндама жасау үшін М. З. Сабуров жолдасқа сөз берілді, жыйналғандар оны жылы шыраймен қарсы алды.

—Бүгін Совет Одағының халықтары және бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері,—деді баяндамашы,—бүкіл дүниежүзілік тарихтың жаңа заманы — адамзаттың еркін, бейбіт және бақытты тұрмысқа көшу заманын ашқан Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын мейрамдайды.

Бұдан 37 жыл бұрын адамзаттың көмеңгері В. И. Ленин бастаған Коммунистік партияның басшылығымен еліміздің жұмысшы табы еңбекші шаруалармен одақтасып социалистік революция жасады. Осының нәтижесінде дүние жүзіндегі тұңғыш советтік социалистік мемлекет құрылды. Октябрь революциясы және елімізде социализм орнату ескі дүниені жеңуде, социалистік қоғам орнатуда тек халықтың қалың бұқарасының ғана шешуші роль атқаратынын көрсетті.

Совет халқының өткен жылда экономикалық және мәдени құрылыста жеткен, баяндамашы айқын бейнелеп берген орасан зор табыстарын жыйналғандар аса қанағаттанған сезіммен қарсы алды.

Сабуров жолдас баяндамасының қорытынды бөлімін сыртқы саясат мәселелеріне арнады. Совет мемлекетінде сыртқы саясат толығынан халық бұқарасының мүдделеріне, бейбітшілік және халықтардың хауіпсіздігі ісіне қызмет етеді. Бейбітшілік және халықаралық хауіпсіздік үшін күресу Совет үкметінің сыртқы саясатының негізі болып келді және негізі болып қалады. Мызғымас достық және туысқандық ынтымдық байланысы барлық халықтық-демократиялық елдер мен Совет Одағын біріктіріп отырады. Демократия мен социализмнің қуатты лагері өзінің тулары астына 900 миллион адамды біріктіріп отыр. Совет Одағы бастаған бейбітшілік күштерінің мақсатқа бағытталған дәйекті күресі соңғы кезде белгілі игілікті нәтижелерге жеткізді.

Совет мемлекетінің даңқты отыз жеті жылдық тарихы, дейді баяндамашы, социализмнің капитализмнен үздік артықшылығын даусыз күшпен көрсетіп, Маркстің—Энгельстің—Лениннің—Сталиннің жеңімпаз ілімінің нағыз салтанат-

жете беруге берік бел байлаған.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңімпаз туы жасасын!

Бүкіл алдыңғы қатарлы адамзаттың жауынгер авангарды—ұлы совет халқы жасасын!

Елімізді коммунизмге қарай сеніммен алға бастап келе жатқан Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

Халықтар арасындағы бейбітшілік жасасын! **(Ұзаққа созылған ду қолшалауға. Бәрі орындарынан тұрады. Залда: «Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!» «Ура!» деп ұран салған дауыстар).**

ты болды. Біздің жолымыз дұрыс. Біздің бөтелмей алға баса беруімізді тоқтата алатын күш дүние жүзінде жоқ. Туысқан қытай халқы және халықтық демократия елдерінің сан миллион халық бұқарасы Ұлы Октябрь салған жолда, біздермен бірге алға басуда. Бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресте біздің ортақ ісімізге бүкіл прогресшіл адамзат шын тілектестік білдіріп отырады.

Жыйналған жұрт баяндамашының совет халқының, Коммунистік партияның құрметіне, халықтар арасындағы бейбітшілік құрметіне арналған қорытынды сөздеріне овацияға ұласқан ду қолшалауға ұласты.

Салтанатты бөлімнен кейін концерт болды. Оған Москваның және еліміздің басқа қалаларының артистері мен творчестволық коллективтері қатысты.

Концерт Д. Шостаковичтің «Мерекелік увертюрасымен» басталды. Оны ССРО Үлкен театрының оркестрі орындады.

ССРО Үлкен театрының және Бүкіл-одақтық радионың коллективтері «Басыңдар бағыл, жолдастар, аяқты» деген революциялық әнді зор өрлеумен орындады. РСФСР-дың еңбек сіңірген артисі С. Балашов В. Маяковскийдің Ленин туралы өлеңдерін шебер оқып шықты.

ССРО халық артисі Э. Гилельстің, Латыш ССР-інің еңбек сіңірген артисесі Ж. Гейне-Валнердің, ССРО Үлкен театрының солисі А. Огнивцевтің, бұл театрдың солисткалары Н. Соколованың және А. Авдееваның, Клевтің Т. Г. Шевченко атындағы опера және балет театрының солисткасы Е. Озимковскаяның, Армян ССР-інің халық артисткасы Г. Гаспарянының, ССРО халық артисі С. Лемешевтің, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисесі Р. Бағланованың, артисткалар ансамблінің көрсеткен өнерін жыйналған жұрт жылы шыраймен қарсы алды.

«Бережка» хореографиялық ансамблі, Омскінің орыс халық хоры, Грузия ССР-інің чонгуристкалар ансамблі, сол сияқты Совет Армиясының А. В. Александров атындағы Қызыл тулы ән және би ансамблі концертте аралуан программамен ойын көрсетті.

Қорытындысында концертке қатысушылардың біріккен хоры және ССРО Үлкен театрының солистері С. Тулшков, тең «Біз бәріміз бейбітшілікті жақтаймыз» деген әнін орындады (СОТА).

Қызыл алаңда болған парад және демонстрация

Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын Отанымыздың еңбекшілері бұл күнді қуанышпен, салтанатпен атап өтті. 7 ноябрьде миллиондаған совет адамдары қалалардың, селолардың және жұмысшы поселкелерінің көшелеріне шықты. Олар мейрам адындағы социалистік жарыста жеткен табыстар туралы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, ғылым мен мәдениет қызметкерлерінің Отанымызға әзірлеген тартулары туралы баяндайтын плакаттар, макеттер, диаграммалар ұстап шықты.

Еліміздің халықтары асыл өй-сезімдерін ұлы социалистік мемлекеттің астана-сы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің сақтаушысы — Москваға арнауда. Бұл күні осында, Қызыл алаңда әскери парад және еңбекшілердің қуатты демонстрациясы болды.

Ежелгі Қызыл алаң мейрамдық көрікті түрге енген. Тарих музейі үйінің маңдай алдында алтындай жарқыраған астықтың масағымен көмкеріліп, «1917» және «1954» деп дақты жылдар жазылған. ГУМ үстіндегі қызыл жалауларды күзгі жел желбіретіп тұр. Жалаулардың саны 60 тан асады. Бұлардың орталығында, тулардың үстінде—В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің портреттері. Орасан ұзын алқызыл матаға жазылған ұран: «Коммунизмнің жеңісіне қарай алға басайық!» деп жарқырап тұр. Совет Одағының гербі мен одақтас республикалардың гербтері еркін совет халықтарының туысқандық бірлігін бейнелеуде. СОВН Орталық Комитетінің Октябрьге арнаған Ұрандары күн көзіне шағылысады.

Москва өнеркәсібінің, ауыл шаруашылығының оят адамдары, ғылым, иску-

ство қайраткерлері, министрлер, ССРО және РСФСР Жоғарғы Советтерінің депутаттары парад басталудан көп бұрын гранитті трибуналарға лық толды. Мұнда дипломатиялық қорғушының өкілдері мен соғыс аттанелері де қатысып отыр. Трибуналарда —көптеген шетел делегациялары.

Кремльдің қабырғасын жаңғырықтары кызу қолшапалақтады. Ленин мен Сталин Мавзолейдің трибунасына Коммунистік партия мен Совет Үкметінің басшылары К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. Н. Микоян, В. М. Молотов, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев, Н. М. Шверник, М. А. Сулов, П. Н. Поселов, Н. Н. Шаталин жолдастар, сонымен қатар маршалдар, адмиралдар мен генералдар көтерілді.

Кремльдің Спасек мұнарасындағы сағаттың алтын жалатылған стрелкалары сағат 10-ды соқты.

Ашық автомобильге мінген ССРО Қорғаныс Министрі, Совет Одағының Маршалы Н. А. Булганин Спасек мұнарасының қапталырына шығып, алаңның орталығына келе жатты. Әскерлер тыныштана қақты. Қарсы алу маршының музыкасы тартылды. Парадтың команданышы, армия генералы К. С. Москаленконың машинасы Министрге жақындап келеді. Міне машиналар тоқтады. Алаңның бүкіл түшкірінде рапорттың мынадай сөздері естілуде: Москва гарнизонының әскерлері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығының құрметіндегі парадқа сап түзеп тұр.

Әскерлерді аралау басталды. Совет

Одағының Маршалы Н. А. Булганин әскери академиялардың тыңдаушыларымен, теңізшілерімен, жас суворовшылармен және нахимовшылармен, шекарашылармен, Ішкі Істер министрінің әскерлерінің, солдаттарымен және офицерлерімен, десантшылармен, механикаландырылған жаяу әскерлермен және артиллерияшылармен амандасты. Қорғаныс Министрі парадқа қатысушыларды Ұлы Октябрь социалистік революциясының мейрамымен құттықтады. Әскерлерді аралау бірнеше минутқа созылды, әскерлер сап түзеп тұрған Қызыл алаңда, оған іргелес көшелер мен алаңдарда күнті «Ура» бірнеше минутқа дейін естіліп тұрды. Бұл «Ура» қарсы алу маршын тартып тұрған оркестрлердің үнінен де күнті естілді.

Енді бір минуттан соң Глинканың «Даңқы арта берсін» деген әсерлі, салтанатты күйі тартылды. Сап түзген Отанымыздың қорғаушылары —Совет Қарулы Күштерінің жауынгерлері алдында бұл күй салтанатпен естілді.

Совет Үкметінің 37 жыл ішінде таманы қарумен жабықталған, біздің социалистік державамызға лайықты Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты құрылды. Олар ССРО-ның мемлекеттік шекараларын, совет халқының бейбіт еңбегін қырағылықпен күзетуде.

ССРО Қорғаныс Министрі Н. А. Булганин Мавзолейдің трибунасына көтерілді. Фанфаралар күн көзіне шарғылысып, олардың алқызыл ымындері жоғары серпілді. Фанфараның: «Бәріңіз де тыңдаңыздар!» деген дабылы күмістей саңғырап естілді. Маршал Булганин сөз сөйлей бастады.

Совет Одағының Маршалы Н. А. Булганиннің сөзі

Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!

Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!

Совет Одағының еңбекшілері!

Біздің қымбатты шетелдік қонақтарымыз!

Совет Үкметінің және Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің атынан сіздерге сөлем жолдап, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығымен құттықтаймын.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегінде тығыз топтасқан совет халқы Октябрь мейрамына шаруашылық және мәдениет құрылысында жеткен жаңа табыстарымен келді.

Жұмысшы табының қаһармандық еңбегі арқасында өнеркәсіп саласындағы тапсырмалар ойдағыдай орындалуда. Үстіндегі жылғы он айдың өнеркәсіп өндірісінің жоспары асыра орындалды. Бұл уақыттың ішінде өнім шығару, өткен жылдың тиісті кезімен салыстырғанда 12 проценттен аса артты.

Быйғы жылғы ауыл шаруашылығының еңбекшілері де ұлкен табыстарға жетті. Көктемде басталған тың және тыңайған жерлерді игерудің бірінші кезекі ірі жеңіске ұласты. Жаңа жерлерде

лымның, техниканың және мәдениеттің барлық салаларын онан әрі өркендетуге көмектесіп келеді.

Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының адамдар құрамы өздерінің әскери шеберлігін жетілдіру жолында қажырлылықпен жұмыс істеуде. Армия мен Соғыс-Теңіз Флотында күзде өткізілген және кәзіргі заманғы қару-жарақ пен соғыс техникасының барлық түрлері қолданылған жаттығу ойындары құрғақтағы әскерлердің, авиация мен флоттың жауынгерлік әзірлігінде елеулі табыстарға көл жеткенін, ал біздің Қарулы Күштеріміздің жауынгерлік әзірлігі кәзіргі заманғы талаптары дәрежесінде екендігін көрсетті.

Сонымен, Октябрь революциясының 36 жылдығынан кейін өткен бір жыл мемлекетімізді онан әрі нығайтқан жыл, оның күші мен қуатын арттырған жыл болды.

Біздің елімізбен бірге халықтық демократия елдері, Герман Демократиялық Республикасы жаңа өмір сүруінің өткен бес жылы ішінде аса үздік табыстарға жеткен халықтық Қытай да үздіксіз өрлеу жолымен алға басып келеді.

Сыртқы саясат саласында Совет Одағының басты міндеті, бұрынғысынан, бейбітшілік ісін қамтамасыз ету және

қатысушылар, мұның өзі олардың мәлімдемелерінен көрініп отырғандай, біздің халқымыздың соғысты тілемейтінін және өзінің бейбіт еңбегін онан әрі жүргізе беру оның ең қасиетті тілегі болып отырғанын мейлінше айқын көрді.

Бірақ біздің қорғаныс қабілетін нығайту мәселелеріне көңіл бөлуімізді қайсыбір дәрежеде босендеуімізге негіз боларлықтай өзгерістер халықаралық жағдайда әзірле болған жоқ. Оқылғалардың бүкіл барысы батыс державалардың жаңа агрессиалық блоктар топтастыру және жанталаса қарулану саясатынан онан әрі жүргізіп отырғанын көрсетеді. Олар соғыс насихатынан, Совет Одағы мен демократиялық лагердегі елдерге қарсы дұшпандық әрекеттер жасаудан бастартқан жоқ.

Міне бұл жағдайда біз Отанымыздың хауісіздігін қамтамасыз ету ісін Қарулы Күштеріміздің жауынгерлік қуатын нығайтуға, оларды үнемі әзірлікте ұстауға бұдан былай да ойдағыдай қажырлық жасап отыруға міндеттіміз.

Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты жоғары қырағылық көрсетуге және біздің бейбіт еңбегімізге кедергі жасағысы келетіндердің қандайына болса да лайықты тойтарыс беруге әрқашан да әзір тұруға тиіс.

әскери оркестрдің салтанатты жүрісімен аяқталды.

Қызыл алаңда болған парад совет қарулы күштері жауынгерлерінің әскери білімдерін арттыруда, жауынгерлік шеберлікті жетілдіруде, жаңа техника мен қару-жарақты меңгеруде қандай зор табыстарға жеткенін айқын көрсетіп берді.

Жауынгерлік мариштың үндері тынған кезде жаңадан салтанатты және қуанышты музыканың күйі естіліп, күшейе түсті. Қызыл алаңға демонстрацияшылар колонналары келе бастады.

Қоңыр салқын күзгі жел спорт қоғамдарының көптеген жібек жалаулары мен түрлі-түсті ымындерін еркін желбіретуде. Естен кетпейтін тамаша көрініс ашылды. Спорт костюмдерін киген физкультурашылар бүкіл алаңды жерлеп, қадмдарын нық басып, көңіл күйі шаттану келе жатыр. Еңбекте де, оқуда да табысқа жете беретін жас совет физкультурашыларының мінез сапында қаншама күш және әсемділік толық десейсіңі.

Киров, Ленин, Красная пресня, Совет аудандарының және астананың басқа да аудандарының колонналары үстінде алқызыл жалаулар желбіреуде. Москвалықтар елімізде коммунизм орнату ісінде, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық жолындағы күресте жаңа жеңістерге жетуге шақырған тулар, жалаулар, транспаранттар ұстап келеді. Лек-легімен ағылған адамдардың ішінде —ғылым коммунизмінің негізін салушылар — Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің, Коммунистік партия мен Совет Үкметі басшыларының портреттері.

Мейрамның қарсаңында бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындайық! деп патриоттық бастама жасаған Сталин атындағы автомобиль зауытының, «Динамо», «Красный пролетарий» заводтарының, Шербаков атындағы қойынатын және басқа озат кәсіпорындардың эмблемалары гүлдермен және алқызыл барқытпен көмкерілген. Бұлардың бастамасы нақты зор істермен анықталып отыр. Алқызыл маталарға мынадай сөздер жазылған:

—«Динамо» зауыды қуатты электровоздар үшін электр жабдықтарын, ауыл шаруашылығы үшін запас бөлшектер шығарудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

—«Красный пролетарий» зауыды он айдың программасынан тыс 277 металл жонатын станоктар берді.

—Автомобиль зауыды он айлық жоспарға қосымша 178 миллион сомның өнімін шығарды.

Желбіреген жалаулардың алдында В. И. Лениннің барельефі алтындай жарқырайды. Бұл —Владимир Ильичтің есімімен аталған дақты заводтың эмблемасы. Кәсіпорнының рапорты айқын көрінуде.

—Бесжылдықтың басынан бері еңбек өнімділігі 70 процент артты.

монстрацияшылардың қатарында тың жерлерден келген қонақтар, Москва комсомолы тәрбиелен өсірген —Қостанай облысындағы «Красно пресненский» совхозының жастары.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің эмблемасы алтын астықты масақтарымен көмкерілген. Көрменің 170 мың дерлік қатысушылары айқын көрсетіп берген тәжірибе бүкілхалықтық мектеп болды және социалистік ауыл шаруашылығының терең қойнауында сарқылмас мол мүмкіндіктер бар екенін көрсетті.

Демонстрацияшылар колоннасының үстінде —шағын көлемде жасалған жер шары және оның үстінде ашылған кітін тұр. Бұл келе жатқан ССРО Ғылым Академиясының коллективі. Халқымыз өз ғалымдарын мақтан етуде. Атом қуатымен жұмыс істейтін дүние жүзіндегі тұңғыш электр станциясы —советтік ғылыми-техникалық ойдың ең соңғы табыстарының айқын қорытындысы, бұл ғылымның барлық табыстары адамның игілісіне, жер бетінде бейбітшілікті нығайтуға бағытталып отыр.

Трибунадағылар Москва құрылысшыларын, архитекторларын жылы шыраймен құттықтауда. Осылардың еңбегі арқасында мыңдаған жұмысшы семьялары мейрамның қарсаңында көрікті және жайлы пәтерлерге орналасты. Быйлығы жылы Москвада 900 мың шаршы метр тұрғын үйлер іске қосылуға тиіс.

Бүгінгі күні, Совет мемлекетінің бүкіл тарихының өз бойындағы сыяқты, «бейбітшілік» деген сөз халқымыздың бейбітшілік ісін сақтауға мызғымас берік бел байлағанын білдіріп отыр. МанIFESTацияға қатысушылар өздерінің туларында барлық елдердегі миллиондаған еңбекшілердің жүрегіне жылы —халықтар арасындағы достық пен олардың бейбіт ынтымағының идеяларын әкеледі.

Демонстрацияшылар «Совет және қытай халықтарының достығы мен ынтымағы —бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің қуатты факторы» деп екі тілде жазылған сөздері бар көркем плакаттар ұстап келеді. Сүйсіненшілікпен жасалған бұрқатар ланнолар Қытай Халық Республикасының бес жылдығын мейрамдаудан айқын көрінген орасан зор салтанаттың жеке көріністерін бейнелеген. Тулардың нақ алдында —Қытай Халық Республикасының Председателі Мао Цзэ-дунның, Қытай Халық Республикасы Председателінің орынбасары Чжоу Дэниң, Халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы тұрақты комитетінің председателі Лю Шао-цидің, Қытай Халық Республикасы мемлекеттік Советінің премьері Чжоу Эн-лайдың портреттері.

Совет мемлекетінің бейбітшіл сыртқы саясатын қолдай отырып, ССРО халықтары бұл күні барлық елдердің еңбекшілеріне —атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоютын басқа қаруға тыйым салу үшін, қару-жарақты жашнай азайту үшін күресейік деп жалынды ұран тастады. Совет адамдары бейбітшілік үшін, демократия үшін, социализм үшін күресіп жатқан барлық халықтарға туысқандық сәлем жолдады.

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде

ССРО Сыртқы Істер Министрлігі осы жылғы 7 ноябрьде Американы Құрама Штаттарының Москвадағы Елшілігіне мынадай азмұнда нота жолдады:

«Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі Америка Құрама Штаттарының Үкметіне мынаны мәлімдеуге қажет деп санайды.

Анықталған мәліметтер бойынша, осы жылғы 7 ноябрьде жергілікті уақытпен 13 сағат 20 минутта (Владивосток уақытымен 12 сағат 41 минутта) АҚШ соғыс әуе күштерінің танымал белгілері бар Б—29 типті төрт моторлы соғыс самолети Танфильев аралы (Куриль аралдары) ауданында Совет Одағының мемлекеттік шекарасын бұзып, осы аралға бағыттаған бетінде ССРО-ның әуе кеңістігіне онан әрі өткен.

Американ самолети Танфильев аралының үстімен ұшқан кезде оның ССРО шекарасына өтіп келгенін онан көрсету және Совет Одағының әуе кеңістігінен дереу кетуін ұсыну мақсатымен екі совет истребителі оның алдынан шыққан. Совет истребителдері жақындап келген кезде, жоғарыда көрсетілген американ самолети бұларға оқ атқан. Шекараны бұзуды американ самолетінің бұл арадағы әрекетіне байланысты совет самолеттері бұған жауап ретінде оқ атуға мәжбүр болған, содан кейін американ самолети Совет Одағының әуе кеңістігін тастап, оңтүстік батыс бағытына ұшып жеткен.

Совет Үкметі американы соғыс самолетінің совет шекарасын осы өрескел бұзғанына қарсы АҚШ үкметіне батыл наразылық білдіреді.

Бұл—американ соғыс самолеттерінің Совет Одағының мемлекеттік шекарасын бұзуының жаңа оқыйғасы. Шекараны бұзудың мұндай оқыйғаларына Совет Үкметі, атап айтқанда, өзінің осы жылғы 5 және 8 септябрьдегі ноталарында АҚШ үкметінің назарын аударған болатын.

Совет Үкметі американы соғыс самолеттерінің совет шекарасын бұзуының бұдан бұрын болған оқыйғаларының, мұның өзі АҚШ үкметінің тиісті ноталарында көрсетілгеніндей, еш нәрсемен ақталмайтын құрбандықтарына ұшыратқанын қынжылғандықпен атап көрсетеді.

Совет Үкметі американы самолеттерінің бұдан былай совет мемлекеттік шекарасын бұзуына жол бермеуге шаралар қолдану, Совет Одағының мүделері үшін де, сондай-ақ Америка Құрама Штаттарының мүделері үшін де қажет деп санайды және АҚШ үкметі осы мақсатпен американы соғыс-әуе күштерінің командованиесіне тиісті нұсқаулар береді деп күтеді».

—000—

Еңбекшілер депутаттары Алматы қалалық Советінің салтанатты

сымпа жүздеген миллион пұт товарлы астық алды. Соның өзінде Қазақ ССР-і мен Россия Федерациясының, әсіресе, Сибирь мен Уралдың жеткен тамаша табыстарын атап айтпауға болмайды. Россия Федерациясы мен Қазақстан астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындап, мемлекетке астықты өткен жылдан жарты миллиард пұттан аса артық тапсырды. Сөйтін партияның жаңа жерлерді игеру туралы қарарларының дұрыстығы және орындауға болатындығы практикада дәлелденді.

Быйылғы жылы ашылған Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі социалистік ауыл шаруашылығының табыстарын айқын көрсетіп отыр. Көрмеде көрсетілген озат тәжірибе біздің ауыл шаруашылығымызда мейлінше кеңінен таратуға тиіс. Советтік интеллигенция, біздің ғалымдарымыз өздерінің творчестволық жұмысы мен халық шаруашылығының, ғы-

Солдаттың «Ура» артиллерия салютінің гүрлігіне араласты. Совет Одағының Мемлекеттік Гимні тартылды.

Қызыл алаң тыныштала қалды. Команданың сөздері саңғырап естілді. Колонналар қозғалды. Салтанатты марш басталды.

М. В. Фрунзе атындағы қызыл тулы, Ленин орденді және Бірінші дәрежелі Суворов орденді әскери академияның туы толқын желбіреуде. Бұл тулы Совет Одағының Батыры подполковник Решетников ұстап келеді. Оның оң жағы мен сол жағында ассистенттер — Совет Одағының Батырлары, аға лейтенант Белозерцов пен майор Новиков келе жатыр. Колоннаны генерал-полковник Курочкин бастап келеді. Оған ілесе генералдар Колганов, Шкодунович, Колесниченко келе жатыр.

Фрунзе атындағы академияның соңынан В. И. Ленин атындағы Қызыл тулы, Ленин орденді әскери саяси академия, Дзержинский атындағы Ленин орденді және Бірінші дәрежелі Суворов орденді инженерлік артиллерия академиясы, Сталин атындағы бронетанктық әскерлер академиясы, Куйбышев атындағы әскери инженерлік академия, Қызыл тулы соғыс әуе академиясы, Жуковский атындағы инженерлік соғыс әуе академиясы, елімізде ежелден келе жатқан, РСФСР Жоғарғы Советі атындағы Мәскеудің Қызыл тулы

ыранту болып табылады. Осы мақсатпен Совет Үкметі Европада коллективтік халықаралық системасын құру туралы және герман мәселесі жөнінде өзінің белгілі ұсыныстарын жасады, сонымен қатар қару-жарақты азайту және жаппай қырып-жоютын қаруға тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция жасасу жайында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарауына ұсыныстар енгізді.

Біздің үкметіміз халықаралық байланыстарды барынша ұлғайту саясатын жүргізіп келеді. Быйылғы жылы, жұртқа мәлім, Совет Одағында Европаның, Азияның, Африканың және Американың әртүрлі елдерінен көптеген шетелдік жұртшылық делегациялары мен ғылыми делегациялары болды. Ал, оның бержалында Совет Одағынан көптеген делегациялар басқа елдерге барып қайтты. Совет Одағының бейбіт құрылыс саласындағы табыстарымен танысып, делегацияларға

* * *

әскери училищесінің курсанттары Қызыл алаңнан өтті.

Тарих музейінің тұсында ақшыл көгілдір Соғыс-Теңіз жалауы желбіреуде. Ақ жолақтың үстінде Қызыл жұлдыз және орақ пен балға суреті жарқырайды. Алаңға жыйналғандар соғыс флотының өкілдерін — М. В. Фрунзе атындағы Жоғарғы соғыс теңіз училищесінің командирлері мен курсанттары шаттықпен қарсы алды, бұларға ілесе болашақ теңіз офицерлері, орыс флотының дәстүрлерін сақтап, алға апарушылар келе жатыр.

Парадқа қатысқан теңізшілер полкін көптеген ордендер алған контр-адмирал Богуславский бастап өтті. Курсанттар Лукьяненко, Антропов, Устинов, Гриненко, Шубин және басқалары оқуда үздік шығып, жоғары тәртіптілік көрсетіп, парадқа қатысу правосын жеңіп алған.

Жыйналғандар парадқа қатысушылардың ең жастары — суворовшылар мен нахимовшыларды сүйіспеншілікпен қарсы алды. Балалар үлкендерден қалыспай, жұптары жазбастап, қадамдарын солдаттарша нық басып өтті.

Қызыл алаң босап қалды. Моторлардың гүрлідеген даусы естілді. Тарих музейінің қасынан М. И. Калинин атындағы Қызыл Тулы, Суворов орденді гвардиялық Тамань дивизиясының машиналары өте бастады. Майдан алаңның қожасы — механикаландырылған жауу әскер келе ж-

абадастар!

Совет мемлекетінің өмір сүруінің 38-жылына қадам басқан біздің халқымыз болашағына сеніммен көз жіберуде. Біз бұл сенімді Ұлы Октябрь революциясы тудырған советтік құрылыстан, Коммунистік партияның кемелгерлік басшылығынан, Маркстің —Энгельстің —Лениннің—Сталиннің ілімінен, совет адамдарының социалистік Отанды онан әрі көркейте беру және елімізде коммунистік қоғам орнату үшін творчестволықпен жұмыс істеуге әзір екендігінен алып отырмыз.

Ұлы Октябрь-социалистік революциясының 37 жылдығы жасасын!

Қаһарман совет халқы және оның айбынды Қарулы Күштері жасасын!

Совет Үкметі жасасын!

Біздің жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

Ура!

тыр. Ұрыстардың от жалынып өткен дивизияның туы алдыңғы бронетранспортерге желбіреп келеді. Туда—ұлы Лениннің суреті. «Біздің советтік Отанымыз үшін» деген сөздер алтынмен жазылған. Бұл дивизия 1941 жылы Смоленск маңында Отан үшін жауға қарсы шайқасты. Курск, Дондағы Ростов түбінде, Кубаның кең жазығында, Кавказ тауларының етегінде, Қырымда, Белоруссия ормандарында, Литва мен Латвияда жауға қарсы соғысты. Дивизия Кенигсберкке тікелей шабуыл жасады. Москва оның құрметіне 23 рет салют берді.

Алаңға артиллерия келе бастады. Артиллерияшылардың маршын генералдар Лихачев, Игнатов және Санько бастап келді. Әрбір совет адамының жүрегі мақтанып сезімі көрнеуде: Отанымыз өзінің армиясын ең жетілген техникамен қаруландырды.

Трактор тіркегіштерінің гүрлідеген даусы естіледі, көгілдір түтін басқандай болды. Бұлар алаңға Кремльдің қасымен және Тарих музейінің қасымен бір мезгілде келіп кірді. Әрбір тіркегішке қуатты зеңбірек тіркелген. Тіркегіштердің бәрі де жаңа системамен жасалған, бәрі де шапшаң жүреді. Бұлардың арасында да бұдан бұрынғы әскери парадтарда болмаған жаңа машиналар бар.

Парад генерал-майор Петров бастаған

дан тыс миллиард сомның дерлік әртүрлі бұйымдарын берді. Жоспарға қосымша 7 миллион метр мақта және штапель матчалары, 2 миллион метрге жуық жүн және жібек маталары тоқылды.

Совет адамдарының бесінші бесжылдық жоспарды өнiмiнiң барлық түрлерi бойынша орындауда жаңа табыстарға жетуге ұмтылған берiк жiгерiн бейнелейтiн плакаттар, транспорттар, алқызыл жалаулар алаңның үстiнде ну ормандай жайқалды.

Салтанатпен келе жатқан адамдар толқыны үстiнде гүлдерден өрлiп жасалған аркалар сан рет көрiндi. Гүлдерден өрлiген бұл аркалар бiр-бiрiмен ұштасып, мынадай қасиеттi ұрандарды бейнелей өттi:

—Отанымыздың даңқы арта берсiн!

—Совет халқының даңқы арта берсiн!

—Совет Одағының Коммунистік партиясының даңқы арта берсiн!

Демонстрацияшылардың өлең айтқан, музыка тартқан жаңа колонналары үсті-үстіне алаңнан өте берді.

Алаңның үстінде күштеген жерден жеміс бағы орнай қалды.

Жасыл бұтақтарда нағыз қызыл күрлі алмадар салбырап тұр. Астананың Щербakov ауданы келе жатыр. Орасан үлкен плакатта— еңбек пен күрестегі достар және жолдастар —жұмысшы мен колхозшы бейнеленген. Бұлардың үстінде — Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісін қамтамасыз еткен және советтік құрылыстың мызғымас негізі болып отырған жұмысшы табы мен шаруалар одағының тарихи эмблемасы — орақ пен балғаның суреті. Көзіргі жағдайда социалистік қаланың көлхоз деревнясына кадрлармен көмектесуі бұл одақты бұрынғыдан да гөрі нығайтудың аса маңызды формаларының бірі болып табылады. Транспоранттарда жазылған мынадай сөздерді мақтанып сезіммен оқысың:

—Соңғы айлардың ішінде ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге 23.000 инженерлер мен техниктер жіберілді.

—СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарары бойынша колхоздарды қамту үшін МТС-терге 100.000 агрономдар мен зоотехниктер жіберілді.

—1954 жылдың басында МТС-тердің қарамағында бір миллионнан аса тракторлар, 270 мың астық комбайндары болды.

«17 миллион» деп жазылған тамаша цифр быйылғы жылы игерілген жаңа жерлердің гектар санын көрсетеді. Де-

Халықтық Польшаның, Болгарияның, Чехословакияның, Румынияның, Венгрияның, Албанияның социализм орнатуда жеткен табыстары, Ұлы Октябрьдің идеяларымен тұрланған. Көптеген адамның шын жүрегінен шыққан мынадай Ұран бүкіл алаңға кеңінен таралды:

—Халықтық демократия елдерінің еңбекшілеріне —туысқандық сөлем!

Демонстрацияға қатысушылар халықтық демократия елдері, Герман Демократиялық Республикасы басшыларының портреттерін, шет елдердің коммунистік партиялары басшыларының портреттерін көтеріп келеді.

Алаңның үстінде сарқылмас тасқынды лек-легімен ағылған тулар мен жалаулар теңіздің ортасында ССРО мен индия халықтары арасындағы нығайып отырған достық пен ынтымақ туралы сөздер ерекше айқын көрінеді.

Совет елінің халықтары ұлттық тәуелсіздік үшін, Отанын демократиялық негізде өркендету үшін, жапон милитаризмін қайта тудыруға қарсы және Жапонияның империалистердің Қызыр Шығыстағы соғыс тірегіне айналдыруға қарсы ерлікпен жүресін жатқан жапон халқына сөлем жолдауда.

СОКП Орталық Комитетінің мынадай Ұрандары күн көзіне шағылысады: Империалистік езшілікке қарсы, өздерінің бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан отар және тәуелді елдердің халықтарына туысқандық сөлем!

—Англия, Америка Құрама Штаттары және Совет Одағы халықтарының халықаралық шпеленісті онан әрі бөсіндету жолындағы, соғысқа жол бермеу және бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы күресінде олардың достығы жасасын!

Совет Одағы халықтарының және Франция мен Италия халықтарының бейбітшілік жолындағы, герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы, Европада коллективтік хауіпсіздік орнату жолындағы күресінде олардың арасындағы достық пен ынтымақ нығая берсін!

Астана еңбекшілерінің демонстрациясы бірнеше сағатқа созылды. Бұл демонстрация Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмге қарай жеңіспен алға басып келе жатқан еліміздің творчестволық күштерінің үздіксіз көркісіп отырғандығының айқын айғағы болды.

(СОТА).

МӘЖЛІСІ

6 ноябрьде Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында еңбекшілер депутаттары Алматы қалалық Советінің қоғамдық ұйымдар мен Совет Армиясының өкілдерімен басқосқан, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған салтанатты мәжілісі болды.

Театр сахнасы мереке сәнімен безелген. Оның төрінде—алқызыл тулардың арасында В. И. Лениннің, И. В. Сталиннің портреттері. Сахнаның маңдайшасындағы қызыл матаның «Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы жасасын!» деген сөздер жазылған.

Салтанатты мәжілістің президиумында—Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары И. К. Пономаренко, Қазақстан КП Орталық Комитетінің екінші секретары Л. И. Брежнев, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председатели Н. Д. Оңдасынов, Қазақ ССР Министрлер Советінің Председатели Е. В. Тайбеков, Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретарьлары И. Т. Тәжиев пен Ф. Кәрібжанов, республика үкметінің мүшелері, партия, совет қызметкерлері, Совет Армиясының өкілдері.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Ф. Кәрібжанов Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы туралы баяндама жасады.

Салтанатты жыйналыстан кейін искусство шеберлерінің үлкен концерті болды. (ҚазТАГ).

Наградтар тапсырылды

Жақында Ленин атындағы клубта ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша көп жыл бойы мінсіз еңбек еткені үшін наградалған бір топ теміржолшыларға ордендер мен медальдар тапсыруға арналған жыйналыс болды. Наградталғандарға ордендер мен медальдарды ССРО Жоғарғы Советі Президиумының атынан еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқомі председателінің орынбасары Синчило жолдас тапсырды.

28 теміржолшы Ленин орденімен наградалған. Олардың ішінде машинистер Н. Баталов, Н. Горячев, цех мастери А. Зайцев, бригадир Елисоцкий жолдастар бар. Еңбек Қызыл Ту орденімен 57 адам, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен 85 адам, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен 81 адам наградалған. Сол сыяқты жыйналыста теміржолшылар емхана-сының фельдшерлері Соколова, Гурдова жолдастарға Ленин ордені, фельдшер Данилов жолдасқа Еңбек Қызыл Ту ордені және 5 адамға Құрмет белгісі ордені, 7 адамға медальдар тапсырылды.

11 айлық жоспар орындалды

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Теміртаудың жөндеу механика заводдың металлшылары 11 айлық өндірістік тапсырманы орындады. Өндіріс алаңының әрбір шаршы метрінен өнім шығару өткен жылғымен салыстырғанда 15 процент, ал әрбір жұмысшының еңбек өнімділігі орта есеппен 6 процент артты.

Завод коллективі СОБН Орталық Комитетінің Октябрь Ұрандарына жауап ретінде өнім шығаруды арттырудың жа-

на резервтерін іздестіріп табуға. Электр негізгі болат қорытушысы Владимир Шеколда былай дейді:

Мен және менің көмекшілерім Григорий Давыдов пен Дмитрий Кравец жұмыс істейтін электр пеш быйыл металды бесжылдықтың алғашқы жылындағыдан екі есе көп берді. Бұл табыстың шегі емес. Еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыру үшін біз барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз.

Болат қорытушылар өздерінің міндеттемелерін практикалық істерімен баянды етуде. В. Шеколда кеше үш рет ауыр салмақты металл қорытты, еменалық тапсырманы 250 процент орындады.

Болат қорытушы Александр Стадник, токарлар Василий Епринцев, Григорий Поплюйко, фрезерші Николай Понатайтиди, заводтың көптеген басқа да жұмысшылары жоғары еңбек өнімділігіне жетті.

Механизаторлар көп еңбекақы алуда

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ақтөбе облысының механизаторлары быйыл тамаша еңбек істеді. Олар колхоздар мен совхоздарда 350 мың гектардан аса тың және көне жерлерді көтерді. Олардың қажырлы еңбегіне лайықты ақы төленді.

Қосестек МТС-інің тракторшысы коммунист Г. Чиликин «С—80» тракторымен жұмсақ жер есебімен 1341 гектар жер өңдеп, 360 килограмм жанармай үнемдеді. Бұл жұмыс үшін оған 14 мың сомнан аса ақша және 138 пұт астық төленді. 1954

жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы М. Қалымбетов осы МТС-тің аймағындағы колхоздарда үздік еңбек істеді. Ол «ДТ—54» тракторымен 1215 гектар тың көтерді. Ол егіс жұмыстары басталғалы 12 мың сом ақша және 130 пұтқа жуық астық талты.

Ащылысай, Мартөк, Ново-Тройцк, Қызылжар МТС-терінің және тың жерлерді игеру жоспарын асыра орындаған басқа станциялардың тракторшылары еңбектеріне еңбек ақыны мол алды.

Қарт слесарь

Петропавл станциясы паровоз депосының аспап-құралдар жасаушы цехының коллективі де бүкіл кәсіпорының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері сияқты, Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұшпасып, көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған болатын. Инструмент жасаушылар өздерінің бұл жарыста алған міндеттемелерінің орындалуына қорытынды жасады. Цех мүшелері ұйымшылдықпен еңбек етіп, октябрь айының өндірістік жоспарын 242 процентке орындады. Ал, айлық тапсырмасын 327 процентке орындаған таңдаулы слесарь Никитин жолдасқа цехтың ауыспалы шығарып тапсырылды. Сол сияқты, Ұлы мерекені қарт слесарь-Михаил Иванович Солдатов та зор табыспен қарсы алды.

Өзінің творчестволық ой-күшін сала еңбек еткен цех адамдарының бірі.—Слесарь-экспериментальщик Рыдин жолдас. Ол октябрь айында поезддарды тоқтатуға тікелей байланысы бар пневматикалық-автоматтық әдісті қолдануды ұсынды. Оны байқау—ойдағыдай нәтиже көрсетті. Ұсынылған әдісті өндіріске енгізудің арқасында ондаған адамның еңбегі жеңілдеп, оларды басқа жұмысқа қосуға мүмкіндік туғызды. Ол осындай өндіріске пайдалы тағы да үш ұсыныс енгізді.

Р. УӘЛИЕВ.

Оқушылар тәжірибе ауысты

Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінің жанында Жанажол, Қаратап жеті-жылдық мектептерінің және осы мектептің оқытушыларының әдіс ауыстыру бірлестігі жұмыс істейді. Әдіс ауыстыру бірлестігі тәжірибесі мол оқытушылардың сабақ беру әдістерін басқа мұғалімдердің арасында кең тарату мақсатымен ашық сабақтар өткізіп отырады. Сол сияқты, оқу-тәрбие жұмыстарының маңызды мәселелеріне арналған баяндамалар мен лекциялар оқылуын ұйымдастырады. Лекциялардың көпшілігін осы мектептерде жұмыс істейтін оқытушылар әзірлейді.

Жақында әдіс ауыстыру бірлестігінің көзекті мәжілісінде Ленин орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі Г. Жахин жолдас «Ғылым мен діннің сыйыспаушылығы» деген тақырыпта лекция оқыды. Лекциядан кейін оқытушылар мектептерде ғылыми-атеистік тәрбие беру жолдары туралы өзара пікір алды. Сонымен бірге сегізінші кластарда орыс тілінен сабақ беретін Т. Бектуров, тарих пәнінен сабақ беретін Қуандықов жолдасардың ашық сабақтары өткізілді.

Ж. СЕЙІТБЕКОВ.

Мемлекетпен есеп айырысуда

Жарқын, Майбалық ауылдық Советтерінде (Преснов ауданы) тұратын колхозшылар мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруды ұйымшылдықпен жүргізуде. Мұнда көзір жеке колхозшылардың мемлекетке ет тапсыру жоспары 84 процент, сүт тапсыру 88 процент, қант тапсыру 120 процент орындалды.

ҚАЛА ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ДЕМОНСТРАЦИЯСЫ

7 ноябрь. Қала күндегі де сәнді. ССРО және Қазақ ССР-нің Мемлекеттік алқызыл жалаулары алтын күздің желімен толқындана желбіреп, шалқый түседі. СОКП Орталық Комитетінің қызыл матаға жазылған ұрандары халықты коммунизмнің жарқын салтанатына шақырды, күшке күш, жігерге жігер қосады!

Таңертеңгі сағат 10. Мереке колонналары лек-легімен, бірінен соң бірі Октябрь алаңының түсіне топталуда. Әрбір колоннада көңілді жастың көзінен от көрінгендей, көрінің әжімді жүзі нұрлана түскендей. Бәрі де шыйрақ, жайнады! Мұндай салтанат, ерекше қуаныш—жарқын болашақта деген зор сенімнің, жасымас жігер мен мұдәлмас қайраттың белгісі. Бұлар—дүние жүзінде ең бірінші болып капитализм шебін бұзып өткен, ең тұңғыш рет өз елінде социалистік қоғам орнатқан, енді коммунизмге қарай Коммунистік партияның басшылығымен, Марштің—Энгельстің—Лениннің—Сталиннің жеңімпаз туы астында сеніммен алға басып бара жатқан совет адамдары.

...Сағат 11. Октябрь алаңында қала еңбекшілерінің мерекелі демонстрациясы басталды. Міне, рухтандығын жеңіл марш ойынаған оркестр үнімен бірге аяқтарын нық басып, кең, шалқый адымдап ту ұстаушылар взводы өтіп барады. Оның соңынан іле шала мектептер мен оқу орындарының колоннасы—заманымыздың бақытты ұлдары мен қыздары, зор болашақтың иелері, коммунизмнің нағыз болсаңды құрылысшылары болуға дайындалған жалқан жастар колоннасы келеді. СОКП Орталық Комитетінің трибунадан айтылып тұрған Ұрандарының жауап ретінде жер жаңғырықты «ұрандаған» дауыстар асқақтаған жас жігердің оты ұшқыны өсілденгендей!

Будан кейін бірлесіп әсем форма киінген, қатарлары мінсіз түзу колонна келе жаптыр. Бұл—еңбек резервтері мектептерінің оқушылары, өндірістің болашақ мамандары, қарт жұмысшылардың лайықты орынбасарлары.

Міне, Октябрь мерекесін өндірістік лайықты табыстарымен қарсы алған тасірқолшылар колоннасы келеді. Алдыңғы сапта—паровоз депосының жұмысшылары. Олар мереке қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, депю бойынша 9 мың ауыр салмақты состав жүргізуге жетісті. Ал мұның өзі 3 миллион тоннадан астам халық шаруашылығы жұктерін тасуға мүмкіндік берді.

«ЛЕНИН ТУЫНЫҢ» ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

„Желге тимейтін кербез жеңгейлер“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 12-сентябрьдегі нөмірінде «Желге тимейтін кербез жеңгейлер» деген тақырыппен фельетон жарияланды. Онда Будаев ауданындағы Карл-Маркс атындағы колхоз басшыларының семья мүшелері қоғамдық еңбекке қатыстырылмағандығы сыға алынды.

Келесі колонналарда—одақтық және республикалық маңызы бар өнеркәсіп орындарының коллективтері. Мұнда да еңбекшілер социалистік міндеттемелердің орындалу принципі бойынша салқа тұрған. Бірінші қатардағылардың бірі—ет-консерв комбинатының құрылыс-монтаж коллективі. Ол құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспарын 109,4 процент, пәтер үй құрылысы жөніндегі жоспарды 150 процент орындап, социалистік жарыста қол жеткен табыстары үшін одақтық екінші сыйлық алды.

Мереке аяғындағы кеңінен өрістетелген жарыс озаттарының бірі шағын двитательдер зауытының жұмысшылары болып табылады. Бұлар да өздерінің тамаша мереке күнін мақтан ете алады. Сондықтан да завод коллективінің колоннасына қуанышты күлкі, шаттық лебі еседі.

Бұл завод үстіміздегі жылдың он айында өнім шығару жоспарын 104,4 процент орындады. Мұнда тек өнімнің өзінен қуаныш емес, есебінен ғана 288 мың сом қаржы үнемделіп, жоспардан тыс 292 мың сом пайда табылды. Мақтанарлық, қуаныштық-ақ табыс!

Мерекелі колонналардың ұшытқылары жоқ секілді! Лек-лек тон! Жетірген кеңіе, мерекелі тасқын! Колонналар үстінен жүздеген әсем плакаттар, транспаранттар халқымыздың қол жеткен табыстары мен Коммунистік партия белгілен отырған және болашақта жүзеге асырылатын шараларды бейнелейді. Міне, жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындарының коллективтері өтіп барады. Бұлардың сәл кейінірек денсаулық сақтау мини-стрлігінің мекемелері мен оқу орындарының қызметкерлері келеді. «Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!» «Халықтардың бейбітшілігі жасасын!» «Коммунизмге қарай алға баса берейік!» деген ұрандар жиі қайталанады, «ұрандаған» еңбекшілер үнімен ұласып, жер сілкіткендей болады!

Қала еңбекшілерінің демонстрациясы халықтың Коммунистік партия мен Совет Үкметінің маңына бұрынғыдан да берік топтасқандығының, коммунизм құрылысы жолында және Отанымыздың оңай әрі күлдене беруі үшін еңбектегі ерліктегі саналуан түрлерін көрсетуге әзір екендігінің тамаша айғағы болды. Мерекелі демонстрация қаладағы әрбір совет азаматының өсінен кетпестей зор әсер қалдырды.

М. МАРУН,

ЕҢБЕКШІЛЕРГЕ ҰТЫСТАР ТӨЛЕУ

Облысымыздың сақтық кассаларының мемлекеттік заемдардың ұтыс шыққан нөмірлеріне ұтыстар төлеуі күн сайын көбеюде. Үстіміздегі жылдың 10 айы ішінде ғана өткізілген тираждар бойынша еңбекшілерге 9324 мың сомның ұтысы төленді. Бұл 1944 жылы төленген ұтыстар сомасынан үш есе көп. Мұның ішінде қала еңбекшілеріне 5242 мың сомның ұтысы төленді.

Сақтық кассалары ССРО халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өрдедетудің 5 заамының ұтыс тиражы бойынша ұтқан адамдарға ақша төлеуге кірісті. Аз күннің ішінде ғана 150 мың сомның, оның ішінде бір, 10 мың сомның, екі 5 мың сомның ұтысы төленді. **В ДАМАСКИН.**

КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ ТҮРМЫС ҚАЖЕТІ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӨТЕЛМЕЙДІ

Преснов ауданындағы Жданов атындағы колхозда бұдан бірнеше жыл бұрын қазылған 3—4 құдық бар. Олар қазылғаннан бері бірде-бір рет тазартылмаған және жөнделмеген. Сондықтан құдықтардың суы ауызсуға пайдалануға жарамсыз болып барады.

Ауылдық Совет бұл колхозда жаппа құдық қазуды қарастырған болатын. Бірақ совет председателі Ребрый жолдас құдық қазу үшін бөлінген қаржыны осы күнге дейін босатпай отыр. Оның үстіне құдықтарды жөндеуді, тазартуды колхоз басшылары да ескермей келеді.

Мұнымен бірге колхозшылардың тұрмыс қажеті тыңғылықты өтелмейді. Николаевка селолық тұтынушылар қоғамының басшылары күнбе-күнгі тұрмысқа қажетті заттардың дүкенде күн сайын болып тұруын қамтамасыз ете алмай отыр.

Бұл колхозда электр шамы жоқ. Ал колхоз дүкенінде керосин үнемі болып тұрмағандықтан колхозшылар керосин шамының өзін дұрыстап пайдалана алмайды. Сол сияқты, дүкенде тұтынушылардың күнделікті тұрмыс қажетіне пайдаланатын шам, шай, шынақ, тұз, тіс порошогі сияқты заттар жоқтың қасы.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

МЕҢГЕРУШІ МЕ, ӘЛДЕ ҚЫДЫРУШЫ МА?

Өткен жазда Уахит Құсайынов Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы колхоздың № 2 бригадасы орналасқан Жанажол аулындағы оқу үйінің меңгерушісі болып тағайындалған болатын. Мұндай құрметті атқару үшін ол бар күш-жігерін жұмсауға тиіс еді. Алайда, іс жүзінде бұлай болмай шықты. Құсайынов алғашқы күннен бастап-ақ өз міндетін атқарудан бойын аулақ ұстап, жауапсыздыққа салынды. Оқу үйінің ашық тұруынан жабық тұрған күндері көп болды. Лекция, дауыстап газет, журналдар оқуды ұйымдастырмақ түгіл ол оқу үйінің кітаптары мен мәдени құралдарын да ұқыпты ұстамады.

Оқу үйін жауып тастап ел аралау Құсайыновтың әдетіне айналған. Мәселен, ол жақында «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында бір айдан астам қонақта болды. Біздіңше Құсайыновтың міндеті ел қыдыру емес, оқу үйінің жұмыс-

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 Жылдығын шетелдерде мейрамдау

Г. Д. Р.

БЕРЛИН, 6 ноябрь. (СОТА). Бүгін мұнда, Фридрихштрассе үйінде, Германияның Социалистік бірлескен партиясы Орталық Комитеті мен берлиндік ұйым Басқармасының Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған салтанатты мәжілісі болды.

Мәжіліске Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгелм Лик, Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротеволь, СЕПГ Орталық Комитетінің бірінші секретары және ГДР-дің премьер-министрінің орынбасары Вальтер Ульбрихт, СЕПГ Орталық Комитеті мен ГДР үкметінің мүшелері, еңбекшілер мен Берлин жұртшылығының көптеген өкілдері, демократиялық партиялар мен көпшілік ұйымдардың қайраткерлері дипломатиялық қорғушының мүшелері қатысты.

Салтанатты мәжілісте, сол сияқты, ССРО-ның ГДР-дегі Төтенше және Полномочіелі Елшісі Г. М. Пункин қатысты.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған баяндаманы СЕПГ ОК Саяси Бюросының мүшесі Вилли Штоф жасады.

ВЕНГРИЯ

БУДАПЕШТ, 6 ноябрь. (СОТА). Бүгін Венгер еңбекші партиясы Орталық Комитетінің, Венгер Халық Республикасы Министрлер Советінің және Отандық халық майданы Бүкілвенгриялық Советінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған салтанатты мәжілісі болды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы туралы ВЕНГ ОК Саясибюросының мүшесі Бела Салаи баяндама жасады.

РУМЫНИЯ

БУХАРЕСТ, 6 ноябрь. (СОТА). Бүгін мұнда қоғамдық өкілдер мен астана еңбекшілерінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған салтанатты жыйналысы болып өтті. Жыйналысқа Румыния Министрлер Советінің председателі Г. Георгиу-Деж, ұлы ұлттық жыйналыс Президиумының председателі д-р Петру Гроза, Министрлер Советі председателінің бірінші орынбасарлары Нисиф Кишиневский, Киву Стойка мен Александру Могирощ, партия мен үкметтің басшылары, сол сияқты, ССРО-ның Румыниядағы елшісі Л. Г. Мельников, Қытай Халық Республикасының Румыниядағы елшісі Ван Ю және дипломатиялық қорғушының басқа да мүшелері қатысты.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы туралы Румын жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Георг Аполост баяндама жасады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы туралы баяндаманы БНП Орталық Комитетінің секретары Димитр Ганев жасады.

Жыйналыс СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Мияистрлер Советіне құттықтау жолдады.

БЕЛЬГИЯ

БРЮССЕЛЬ, 6 ноябрь. (СОТА). Кеше Брюссельде Бельгия Коммунистік партиясының ұйымдастыруымен Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған салтанатты жыйналыс болып өтті.

Жыйналыста Бельгия Коммунистік партиясы Саясибюросының мүшелері де Колен мен Белен сөз сөйледі.

Ұлы Октябрьдің 37 жылдығына арналған салтанатты жыйнақтар Льеже, Шарлеруде және Бельгияның басқа да қалаларында болды.

УРУГВАЙ

МОНТЕВИДЕО, 6 ноябрь. (СОТА). Уругвай жұртшылығы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын атап өтуге, 4 ноябрьде Монтевидеода бұл даңқты тарихи күнге арналған салтанатты жыйналыс болды.

Уругвай-Совет мәдени байланыс институтының председателі д-р Хуан Карлос Бадаио баяндама жасады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы құрметіне 5 ноябрьде кешке Монтевидеода Коммунистік партия ұйымдастырған көпшілік қатысқан митинг өткізілді.

ПОЛЬША

ВАРШАВА, 6 ноябрь. («Правданың» өз тілшісінен). Польша еңбекшілері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын бүкілхалықтық үлкен мереке ретінде қарсы алып отыр. Даңқты күнге әзірлік поляк-совет достығын бұдан әрі де нығайту жағдайында өтті.

Мереке қарсаңында бүкіл елде көп адам қатысқан салтанатты жыйналыстар өткізілді.

Бүгін Варшавада Ұлы Октябрьдің 37 жылдығы құрметіне арналған, Польша-Біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитеті шақырған салтанатты мәжіліс болды.

Мәжілістің президиумында—Болеслав Берут, Александр Заводский, Юзеф Циранкевич, Константин Рокоссовский және Польшаның біріккен жұмысшы партиясы мен үкметінің басқа да басшылары, ССРО-ның Польшадағы елшісі Н. А. Михайлов отырды.

далды. Колхозшылар М. Шакипов, Т. Исин, К. Садаев жолдастар мемлекет алдындағы борыштарын өтеуіне зор белсенділік көрсетіп, міндеттерін мерзімінен бұрын орындап шықты.

С. БАЙҒОЖИН.

Мектеп кітапханасы

Ленин атындағы орта мектепте жақсы жабдықталған кітапхана жұмыс істейді. Кітапхананы коммунист Г. Малдыбаев жолдас басқарады. Мұнда оқушылардың өтілген сабақтарға байланысты қосымша материалдар іріктен алуына, саяси және көркем әдебиеттер алып оқуына толық жағдай жасалған. Кітап оқушылар конференциясы да жиі өткізіліп отырылады. Мектеп кітапханасының қазір 500-ден астам тұрақты кітап оқушылары бар.

Б. ЖҮСПЕКОВ,

Октябрь ауданы.

Жергілікті жерде тексеріс жүргізілгенде фельдтоңда көрсетілген фактілер толық

Газетіміздің осы жылы 6 августағы номерінде «Қажетті товарлар сатылмайды» деген тақырыппен тілші хаты жарияланғанды.

Приешні ауданындағы Өрнек селолық тұтынушылар қоғамы редакцияға берген

Бір құрылыс мекемесінің

Газетіміздің осы жылы 7 июльдегі жарияланған «Бір құрылыс мекемесінің жұмысындағы кемшіліктер» деген мақала жөнінде қалалық партия комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімі бізге мынаны хабарлады:

Газет сыны бойынша құрылыс жұмыстары жете тексеріліп, мақалада көрсетілген фактілер толық анықталды.

Құрылыс мекемесінің жұмысындағы кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы ша-

Калинин МТС аймағындағы секретары.

жауабында, мақалада көрсетілген фактілер анықталды, сауда жұмысын тұтынушылардың тілегіне сай жүргізе алмағаны үшін Киров атындағы колхоздың дүкен сатушысы А. Нагиль жолдас қызметінен босатылды, деп хабарлады.

жұмысындағы кемшіліктер

рлар белгіленді, министрліктің бұйрығы бойынша құрылысқа қосымша жұмысшылар, құрылыс материалдары, механизмдер бөліп берілуде, басқа да көмектер көрсетілуде.

Газет дабылы бойынша тиісті шаралар қолданылу нәтижесінде құрылысшылар жұмыс сапасын жақсартуда. Құрылыс жұмыстары жоспарының орындалуы да айдан-айға арта түсуде.

сың еңбекшілердің қызығуына олардың жұмыс болуға тиіс. Мұны колхоз басқармасы мен партия ұйымы да ескеруі керек.

С. ЖӘНІБЕКОВ.

Оқу құралдары жеткіліксіз

Өткен оқу жылында Баян орта мектебінде оқулықтар жеткіліксіз болғандықтан, әсіресе бастауыш кластарға сабақ беретін оқытушылар көп қиыншылық көрген еді. Бұл сыяқты қиыншылық быйылғы оқу жылында да кездесіп отыр.

Мектепте оқулықтар өте аз. 9—10 кластар үшін керекті оқулықтардың көпшілігі жоқ деуге болады. Бұл жағдай оқушылардың оқу үгеруіне керісінше әсерін тигізбей қоймайтындығы күмәнсіз. Сондықтан облыстық оқу бөлімі мен Приешні аудандық оқу бөлімі Баян мектебін қажетті оқулықтармен қамтамасыз ету шараларын қарастырулары керек.

О. МҰХАМЕТҚАЛИЕВ.

Салтанатты жыйналысқа қатысушылар зор өрлеу үстінде Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен үкіметіне құттықтау телеграмма жолдады.

БОЛГАРИЯ.

СОФИЯ, 6 ноябрь. (СОТА). Бүгін Софияда Ұлы Октябрь революциясының революциясының 37 жылдығына арналған салтанатты жыйналыс болды. Жыйналысқа Болгар Коммунистік партиясы мен Болгар үкіметінің басшылары, оның ішінде, Министрлер Советінің председатели Велько Червенков, Халық жыйналысы Президиумының председатели Георгий Дамянов, Болгар Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Тодор Живков, сол сыяқты, ССРО-ның Болгариядағы елшісі Ю. К. Приходов және халық демократиялық елдердің дипломатиялық өкілдері қатысты.

Салтанатты мәжілісті Польша бірлескен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Болеслав Берут ашты. Берут өзінің кіріспе сөзін Ұлы Октябрь революциясының дүние жүзілік тарихи маңызына, бейбітшілік, демократия мен социализм лагері күштерінің өсуіне арнады.

—Бүкіл дүние жүзінің еңбекшілерімен бірге,—деді Болеслав Берут,—бүгін, Ұлы Октябрінің 37 жылдығында, поляк халқы туысқан совет халықтарына қызу құттықтау жолдап және бұдан өрі де табыстар мен жеңістерге жете беруін тілейді, бұл табыстар мен жеңістер бүкіл социализмнің қуатты лагерінің табыстары мен жеңістері болып табылады.

Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдығы туралы Польша Халық Республикасы Министрлер Советінің Председатели Юзеф Циранкевич баяндама жасады.

Салтанатты мәжіліске қатысқандар зор өрлеу үстінде Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне құттықтау телеграмма жолдады.

Редактордың орынбасары
Г. НҮРМОЛДИН.

Киноларда

УДАРНИК» кинотеатрында

«ЖЕР»

Сеанстар сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ЧАПАЕВ»

Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

№ 40 ФЗО құрылыс мектебі оқушылар қабылдайды. Оқуға 16-17 жастағы жас жігіттер мен қыздар қабылданады. Мектеп тас қалаушылар, шугауришылар, ағаш шеберлерін даярлайды.

Оқу мерзімі 6 ай. Оқуға алынғандар екі комплект киім-кешекпен, үш мезгіл тамақпен, басқа жерлерден келгендер жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Оқуға түсушілердің қолында паспорты, туған жылы туралы куәлігі, тұрған жерінен алған анықтамасы, білімі туралы анықтама, өмір баяны, арызы, 4 фотосуреті болуы керек.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Мотор көшесі, 100-үй.

Облыстық «Заготзерно» мекемесіне пеш жағушы КЕРЕК. Жұмыс жайы жөнінде Петропавл қаласы, Красноармейск көшесі, 1-үйдің екінші қабағы.

Жаңа совхоз коллективінің мұқтажы толық өтелсін

Маленков атындағы жаңа астық совхозының коллективі тың жерлерді игеру жөнінде өздерінің алдына қойып отырған міндетті ойдағыдай орындауда жаянамай еңбек етіп келеді. Совхоз механизаторлары 25 октябрге дейін 25 мың гектар тың жер жыртып, бұл жөніндегі жоспарды 2000 гектар артық орындады. 1955 жылдың жаздық егістері үшін 22.500 центнер тұқым құйылды. Тың игеруде 5 трактор бригадасы жұмыс істеді. Олардағы тракторшылардың басым көпшілігі партиямыздың шақыруы бойынша Краснодар өлкесінен келген комсомолец-патриоттар. Олар совхоздың жаңа ұйымдастыруына байланысты кездесіп отырған қиыншылықтармен санаспастан, ұйымшылдықтың, еңбек сүйіштіктің тамаша үлгісін көрсетуде.

Әсіресе, комсомолец Н. Пустовалов жолдас басқарған трактор бригадасы мүшелерінің еңбегі ерекше көзге түседі. Жер өңдеуде сменалық тапсырмаларды үнемі асыра орындау бұл бригадаларды механиктердің дәстүріне айналған. Осының нәтижесінде олар 5000 гектар жер өңдеп, бригада бойынша трактор жұмыстарының жылдық тапсырмасын совхозда бірінші болып мерзімінен бұрын орындады. Сол сыяқты, басқа бригадалардағы тракторшылар да жоғары көрсеткіштерге ие болды. Еңбекте үздік табыстарға жетіскен жетекші механизаторлар Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты, ал, совхоз дирекциясы 8 адамға бағалы сыйлықтар берді.

Совхоз механизаторларының қол жеткен зор табысы, олардың арасында социалистік жарыстың кеңінен өрісетінуінің, совхоз партия ұйымы мен жұмысшылар комитеті ол жарысты бастай білуінің нәтижесі екені сөзсіз. Бірақ, айта кетуіміз керек, партия ұйымы еңбекте жоғары

көрсеткіштерге жетіскен механизаторларды қолдау ісіне әлі жеткілікті көңіл бөлген жоқ. Нардағалған механизаторлардың біразына осы уақытқа дейін құрмет грамотасының берілмеуі, Н. Сивенко, Н. Никишин, М. Цимбалюк жолдастар сыяқты озат тракторшылардың құрмет кітапшасына жазылмай қалуы, міне осыны көрсетеді.

Көзір совхозда қысқа әзірлік жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Құрылысшылар бір пәтерлі 15, төрт пәтерлі 17 және сегіз пәтерлі 1 үйдің құрылыс жұмыстарын аяқтап, пайдалануға берді. Оларға көзір оңдаған жұмысшылар семьялары тұрады. Сонымен бірге, жақсы жабдықталған екі астық қоймасы және сыйымдылығы 150 тонналық екі овощ қоймасы салынды.

Рас, облысымыздың жаңа совхоздарындағымен салыстырғанда, Маленков атындағы совхозда құрылыс жұмыстары етеуір жақсы жүргізіліп келеді. Бірақ совхозда салынған тұрғын үйлер коллективінің мұқтажын қанағаттандырмайды. Мұнда әлі күнге дейін 22 жұмысшы пәтер үймен қамтамасыз етілмеген. Осыған қарамастан, мұнда құрылыс жұмыстарының қарқынына елеуді бөгет болатын кейбір кемшіліктерге жол беріліп келеді. Ағаш, цемент, алебастр, шыны кесетін алмас, тағы басқа құрылыс материалдардың болмауынан асхана, нан пісіретін орын, монша, клуб, электростанция және жөндеу мастерскойы үшін құрылыстар салынууда. Совхоз дирекциясы бұл құрылыстарды тез арада пайдалануға беруді көздеп, бірқатар трактор бригадаларын, жүк автомашиналарды құрылыс жұмыстарына жұмылдыруда. Коллектив Октябрь мерекесіне дейін барлық пәтер үйлер мен көпшілік орындарына электр жарығын беруді мақсат етіп отыр. Бұл инициативаны құрылыс ұйымдарының басшылары нақтылы көмек арқылы қолдай білулері керек.

Совхозда 10 орыңды екі палатасы, әйелдер босанатын және амбулатория бөлімдері, асханасы бар аурухана жұмыс істейді. Сондай-ақ радио торап, бастауыш мектеп, кітап қоры мол кітапхана, байланыс бөлімшесі бар. Тек жұмысшылар ғана 92 дана газет, журналдар алып оқиды. Мұның бәрі жұмысшылардың мәдени-тұрмыс қажеттерін өтеуге едәуір назар аударылғанын аңғартады. Бірақ, бұл жағдай совхоз басшыларының, аудандық жа-

не облыстық мәдени-ағарту мекемелерінің жаңа қоныстанушыларды мәдени қамту ісінде кейбір кемшіліктерге жол беріп отырғанын бүркемелей алмайды. Мәселен, қысқы маусымға бейімделіп жабдықталған арнаулы орынның болмауынан жұмысшыларға кинофильмдер көрсету сонғы кезде мүлдем тоқтатылған, көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істемейді. Лекциялар оқу, жастар кеңін өткізу жұмыстары да совхоз коллективінің талабына сай дәрежеде емес. Егер совхоздың партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары бұл мәселелерге шындап көңіл бөлсе, онда кездесіп отырған кемшіліктерді тез және толық жоюға болады. Бұл мәселелерден аудандық, облыстық комсомол комитеттері мен мәдени-ағарту мекемелері де тысқары қалмауға тиіс.

Жаңа совхоздың жаңа коллективінің тұрмыстық жағдайына аудандық және облыстық ауылшаруашылық органдары жете көңіл бөлуге тиіс. Аталған совхозда осы уақытқа дейін тігін мастерскойы, шаш тараз, балалар ясли болмауы төзгісіз жағдай. Солай бола тұрса да, Булаев аудандық өндіріс комбинаты басшылары совхозда тігін мастерскойын, шаш тараз ашуды, аудандық денсаулық сақтау бөлімі басшыларының балалар яслин ұйымдастыруды ойластырмауы қынжыларлық іс.

Совхозда халық тұтынатын товарларды сату ісі де қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Мұндағы магазиндерде жүн матадан, мақта матадан тігілген костюмдер, мақталы шалбар, жылы фуфайка, пима, қолқап сыяқты товарларды кездестіру қиын-ақ. Совхоз жұмысшылары 560 пар орнына 311 пар пима, 300 шпалақтың орнына 6 шпалақтан алып отыр. Мұның өзі аудандық, облыстық сауда орындарының жаңа қоныстанушылардың тұтыну жөніндегі қажетін қанағаттандыруға жеткілікті көңіл аудармайтынын көрсетеді.

Совхоз коллективі отынның және судың тапшылығынан едәуір қиыншылықтарға кездесуде. Қысқа дайындалған